

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ  
МӘДЕНИЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ  
БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ  
ПО ФОРМИРОВАНИЮ ПЕРВОНАЧАЛЬНЫХ НАВЫКОВ  
ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО  
ВОЗРАСТА**

Нұр-Сұлтан  
2021

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында  
әзірленген*

Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетінің алғашқы дағдыларын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр- Сұлтан, 2021-104 бет.

**Пікір жазғандар:**

А.М. Жубандыкова , п.ғ.к., профессор

М.Ж. Наренбаева, меңгеруші

А.Б. Жақсылықбаева, әдіскер

Әдістемелік ұсынымдар мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениет пен табиғатты қорғауда базалық білімді қалыптастыру мәселесі бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог қауымға, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білім алатын педагогикалық ЖОО мен колледждердің студенттеріне және ата-аналар қауымдастығына арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2021 жылғы 25 қазан №8 хаттама).

«Мектепке дейінгі балалық шақ»  
Республикалық орталығы, 2021ж.

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Әлемдік қауымдастықтың қазіргі даму кезеңінде экологиялық білім беру мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Қазіргі кезде қоршаған ортаның ластануына қоғам тарапынан көбірек назар аударылуда.

Қазақстан ХХІ ғасырда көптеген мемлекеттер сияқты қоршаған орта саласында елеулі мәселелерге тап болды және бүгінгі күні бұл мәселелерді шешу мемлекеттік саясат деңгейінде көтеріледі.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму» еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе екенін мәлімдеді. Бүкіл өркениетті әлем жұртшылығы осы мәселемен айналысуда және бізге де мұндай жаппай үрдістен шет қалуға болмайды»-деп атап өтті. Президенттің айтуынша, табиғаттың сақталуы әр адамның оған деген қамқорлығына байланысты. Президент «ерте жастан бастап балаларда қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеуді» ұсынды.

Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасы Қазақстан Республикасын білім беру жүйесіне кіріктіру арқылы - энергия, ауа, су, жер, биологиялық әркелкілік және тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау тәрізді алты маңызды бағытты айқындайды.

Мектепке дейінгі балалық шақ - үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы буыны. Осы кезеңде баланы ұтымды идеялар арқылы баулу, оның кемшіліктерін түзету жеңіл болып келеді. Қазіргі кезеңде мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру экологиялық тұрғыда ойлай алатын, қоршаған ортаға қатысты өз әрекеттерінің салдарын түсінуге қабілетті және табиғатпен үйлесімді түрде өмір сүре алатын адамды қалыптастыру үшін жүйелі шаралар кешенін қамтамасыз етеді.

Аталған әдістемелік ұсынымдар экологиялық мәдениет, экологиялық білім және қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау негіздерін қалыптастыруға бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдардың мазмұны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына (бұдан әрі- Үлгілік бағдарлама) сәйкес келеді.

**Мақсаты:** тәрбиеленушілердің экологиялық түсініктері мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мәселелерінде педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.

**Міндеттері:**

- педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру;
- қоғамның материалдық және рухани дамуының қайнар көзі ретінде табиғаттың құндылығын түсінуді дамыту;
- тәрбиеленушілердің бойында табиғатқа қамқорлықпен қарау және мінез-құлық мәдениетінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

- туған өлкенің табиғатымен танысу арқылы өңірлік компонентті іске асыру;

- еңбек дағдыларына баулу, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету;

- тәрбиеленушілердің әдеби шығармаларды қабылдау және талдау қабілеттерін дамыту, сезімдерін білдіруге үйрету, сөздік қорды байыту;

- балалардың игі істер жасауына ата-аналардың бағыт беруі, балаларға туған өлке табиғатының сұлулығын көре білуге көмектесу.

Экологиялық тәрбиенің негізгі мазмұны тәрбиеленушінің алғаш рет мектепке дейінгі балалық шақта танысатын өзін қоршаған табиғаттың құбылыстары мен нысандарына саналы түрде оң көзқарасын қалыптастыру.

Міндеттерді іске асыру құралдары халық ауыз әдебиетінің шығармалары (мақал-мәтелдер, жұмбақтар және т. б.); отандық және шетел жазушылары мен ақындарының шығармаларын оқу және жаттау (Ә. Дүйсембиев,

Қ. Баянбаев, М. Әлімбаев, М. Төрежанов және т. б.); балабақша ауласынан тыс бақылаулар, экскурсиялар және т. б болып табылады.

Тұлғаның экологиялық мәдениетінің компоненттері: экологиялық білім, экологиялық ойлау, жағымды мінез-құлық пен табиғатқа деген сүйіспеншілік сезім.

Экологиялық тәрбие адамның рухани мәдениетінің бөлігі болып табылады. Бұл процесті іске асыруда мектепке дейінгі білім беру саласының педагогтері маңызды рөл атқарады.

Әдістемелік ұсынымдардың мазмұнында мектепке дейінгі ұйым жағдайында түрлі жас кезеңдерінде тәрбиеленушілерді экологиялық мәдениетке тәрбиелеу бойынша жұмыстың мақсаты, міндеттері, әдістері, нысандары, құралдары мен негізгі бағыттары берілген.

Күтілетін нәтиже:

- бала экологиялық мәдениет негіздерін меңгереді, барлық табиғи нысандардың өзара байланысы мен өзара әрекетін саналы түрде түсінеді;

- балалардың тірі және өлі табиғат құбылыстарына танымдық қызығушылығы, байқағыштық қабілеті дамиды;

- топтардағы табиғат бұрыштары жабдықталады;

- бала табиғатқа жауапкершілікпен және қамқорлықпен қарайды;

- мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін арттыру мәселелерінде педагогтердің кәсіби деңгейі артады;

- балалардың рухани-адамгершілік құндылықтары қалыптасады.

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ МЕН МАЗМҰНЫ**

Экологиялық білім беру Қазақстанның тұрақты дамуының мемлекеттік стратегиясының басым бағытына айналуда.

Тұрақты даму үшін республикадағы экологиялық білім беру идеясы Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасында, Қазақстан

Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрініс тапты. Бұл құжаттар қоғамдық-экологиялық дүниетанымды, құқықтық ұстанымдарды, ғылыми білім кешенін, білімді тәжірибеге енгізу қабілетін қалыптастыруға үндейді.

### **Экологиялық тәрбие дегеніміз не?**

Экологиялық тәрбие – бұл балалар мен ересектерде экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыруға бағытталған жүйе.

Мектепке дейінгі жаста танымдық салада маңызды өзгерістер болады, баланың зияткерлік, адамгершілік, эмоционалды дамуы қалыптасады.

Қазіргі кезде ғалымдардың психологиялық-педагогикалық зерттеулерінде мазмұны мен сипаттамасы бойынша балалардың әртүрлі экологиялық білім мен түсініктерді меңгеру мүмкіндігі дәлелденді. Мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатта өзін ұстау мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу әдістерін зерттеу және қарастыру С. Н. Николаеваның,

Н. А. Рыжованың, И. Д. Зверевтің, Н. А. Соломоновтың, А. М. Федотованың және т. б. еңбектерінде қарастырылған. Мысалы, А. М. Федотованың эксперименттік жұмыстары мектеп жасына дейінгі ересек балаларға жануарлар әлемінің алуан түрлілігін экологиялық тұрғыдан тануға мүмкіндік береді.

Экологиялық мәдениет негіздерінің қалыптасуы - бұл табиғатқа, оны қорғап, қамқорлық жасайтын, сондай-ақ табиғаттың байлығы негізінде материалдық немесе рухани құндылықтарды дарытатын адамдарға саналы түрде оң көзқарасты қалыптастыру. Сонымен қатар, табиғаттың бір бөлшегі ретінде адамның өзіне деген көзқарасы, өмір мен денсаулықтың құндылығын және олардың қоршаған орта жағдайына тәуелділігін түсінуі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес «Таным» білім беру саласының мақсаты айқындалған: мектеп жасына дейінгі баланың жеке тұлғасын қоршаған ортамен өзара әрекет барысында командада жұмыс істей білуге қажетті танымдық іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруі үшін дамыту болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында әр жас тобы үшін экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру бойынша міндеттер айқындалды:

- тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары туралы алған білімдерін кеңейту;
- табиғат аясында болғанда балаларды экологиялық мінез-құлық мәдениетінің бастапқы дағдыларына тәрбиелеу;
- жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауда балаларды көмек көрсетуге тарту;
- өсімдіктердің өсуі мен дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру;
- табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру барлық жас топтарында «Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу қызметі шеңберінде «Денсаулық» («Қауіпсіз мінез – құлық негіздері» ҰОҚ), «Қатынас» («Көркем

әдебиет» ҰОҚ), «Шығармашылық» (өнімді әрекет түрлерінде), «Әлеумет» («Қоршаған ортамен танысу» ҰОҚ) білім беру салаларымен кіріктірілген ҰОҚ-де, сондай-ақ басқа да режимдік сәттерде (мысалы, серуеннің міндетті бөлігі-тірі және өлі табиғатты бақылау болып табылады) іске асырылады.

Тәрбиеленушілердің дербес әрекеті мәжбүрлеусіз, оң эмоциялар арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Экологиялық тәрбие процесінде келесі әрекет түрлері болуы мүмкін:

-табиғаттағы түрлі оқиғаларды немесе ересектердің әрекетін бейнелейтін сюжетті-рөлдік ойын;

-балабақшаның жасыл аймағында тірі нысандар үшін жағдай жасау немесе оны қолдау бойынша практикалық әрекет (табиғаттағы еңбек), сондай-ақ заттарды қалпына келтіру бойынша әрекет (ойыншықтарды жөндеу, кітаптарды желімдеу және т. б.);

-табиғаттан алған әсерлері немесе адамдардың табиғаттағы еңбегі негізінде бейнелеу әрекетінің өнімдерін дайындау;

-табиғатпен қарым-қатынас, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің объектілерімен ерікті байланыс-бақылауды, күтім жасауды, жануарларды қолға үйретуді қамтитын кешенді әрекет;

-эксперимент жүргізу: табиғат объектілерімен практикалық танымдық әрекет, бақылау;

-әңгімелесу (сұрақтар, хабарламалар, әңгімеге, диалогқа қатысу, ақпаратпен, әсерлермен алмасу, сөйлесу арқылы табиғат туралы түсініктерді нақтылау);

-бақылау-дербес танымдық әрекет, табиғат және адамдардың табиғаттағы әрекеті туралы ақпарат алуды қамтамасыз етеді;

- табиғат туралы жаңа түсініктер алуға және бар түсініктерді нақтылауға ықпал ететін әрекет - мазмұны табиғатты қамтитын кітаптарды, суреттерді, телехабарларды қарау.

Тәрбиеленушілерді экологиялық мәдениет негіздерімен таныстыруда олардың рухани-адамгершілік дамуына, өзара көмек, жауапкершілік, отансүйгіштік сияқты моральдық-ерік қасиеттерін тәрбиелеуге мүмкіндік беріледі.

Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесінде экологиялық тұрғыдан тәрбиелі тұлғаны қалыптастыру мына міндеттер шешілгенде ғана мүмкін болады:

- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, экологиялық мінез-құлықтың дағдыларын қалыптастыру;

- табиғаттағы әртүрлі әрекет барысында практикалық дағдылар мен біліктерді меңгеру (табиғат бұрышында және балабақшаның ауласында жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасау);

-табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Педагог балаларға тіршілік иесіне жанашырлық таныта білуді, оған қамқорлық жасауды, табиғатқа шыққан кезде табиғат құбылыстарын бақылауды үйретуі, дұрыс әрекет жасағаны үшін баланы мақтауы тиіс.

Балаларды табиғатпен қарым-қатынас жасау процесінде құрдастарының, ересектердің қылықтары мен өзінің қылықтарын бағалауға үйрету маңызды.

Экологиялық білімнің қалыптасуы дәстүрлі отандық педагогика тәсілдері негізінде жүргізіледі: халық дәстүрлері, баланың табиғатпен тығыз байланысы, экологиялық мәдениет негіздерін және мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін заманауи экологиялық білімді меңгеру.

Экологиялық білім мен тәрбиенің көрсеткіші адамның табиғи ортаға қатысты практикалық әрекеттерін қарастыруы тиіс.

Осылайша, балалардың саналы қарым-қатынасы жағдайды түсіндіре алуында немесе ересектердің айтқанын ұғынуында, тіршілік иесінің қажеттіліктерін білуінде және өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігін сақтауға және жақсартуға бағытталған еңбек әрекеттерін орындауында көрінеді.

## **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

Әрбір мемлекет елдің табиғи ресурстарын сақтауға, үнемді пайдалануға және қайта өндіруге қамқорлық көрсетеді, қоғамның қажеттіліктері мен табиғат мүмкіндіктері арасындағы қайшылықтарды шешу үшін жұмыс жүргізеді, экологиялық білім берумен және азаматтарды тәрбиелеумен айналысады. Республикада табиғи ортаны қорғауды басқару мәселелерімен мемлекеттік, заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің тармақтары, азаматтар бірлестіктері, халықаралық және басқа да қоғамдық ұйымдар айналысады.

Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Экологиялық сараптама туралы», «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы», «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» Заңдары құқықтық негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің (2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III) (2021.02.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) негізгі қағидалары:

-Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы мен экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- экологиялық қатынастарды реттеуде экожүйелік тәсілді қолдану;
- экологиялық ақпараттың қолжетімділігі және т. б. болып табылады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі алты маңызды бағытты айқындап берді, олар: энергия, ауа, су, жер, биологиялық әртүрлілік және тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау.

Экономиканың дамуымен бірге пайдаланылатын ресурстардың көлемі де артады (адамзат шикізатты, отынды көбірек тұтынады). Осыдан өзара байланысты мәселелер пайда болды: табиғи ресурстардың сарқылуы және қоршаған ортаның ластануы.

Қоршаған ортаның ластануы - адамзаттың өзекті мәселелерінің бірі. Бұл процесті әлі де тоқтатуға болады және бұл мәселемен білім берудің барлық деңгейлерінде ерте жастан бастап айналысу қажет.

Мектепке дейінгі жас - келешек азаматтың өз елінің ресурстарына қамқорлықпен қарауын қалыптастыру үшін ең қолайлы кезең. Осы бағыттағы тиімді жұмыс мынадай қасиеттерді иеленетін: физикалық тұрғыдан дамыған, білуге құмар, өзіне сенімді және белсенді, эмоционалды елгезек, табиғатта, қоғамда мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын меңгерген тәрбиеленушіні дайындауға мүмкіндік береді.

### «Энергия»

Бүгінгі күні адамзаттың алдында тұрған маңызды міндет - энергия ресурстары ешқашан сарқылмайды және олар шексіз деген ойды адамның санасынан арылту, экономикалық шығындарды болдырмау үшін әр адамды жеке жауапкершілікке үйрету.



Бала ересектердің жарыққа, жылуға, суға деген ұқыпты қарым - қатынасының үлгісін көруі тиіс, сонда осы арқылы ол күн сайын энергия мен ресурстарды үнемдеу туралы түсініктерді меңгереді.

Энергия – бұл әртүрлі құбылыстарды тудыратын қуат көзі. Энергияны көру мүмкін емес, бірақ оның қалай жұмыс істейтіні белгілі. Энергия арқылы көліктер жүреді, ұшақтар ұшады, шамдар жанады, от

қызады.

Электр энергиясы ойыншықты қозғалысқа келтіреді. Азық-түлік энергиясы қоректік заттар арқылы адамға беріледі, ал ағын судың энергиясы электр энергиясына, электр энергиясы шамның жарық шығаратын энергиясына айналады.

Ғалымдар энергияны үздіксіз пайдалану қандай да бір қозғалысқа, әрекетке, өзгеріске әкелетінін байқаған, ұзақ зерттеулерден кейін олар энергияның сақталу заңын ашты және «Энергия пайда болады, ол із-түссіз жоғалып кетпейді, бірақ ол өзгеріп, бір түрден басқа түрге ауыса алады» деген тұжырым жасады.

Энергия бір түрден басқа түрге ауысқанда ол міндетті түрде жылуға айналады да, ол жан-жаққа таралады. Адам күн энергиясын тұрғын үйлерді жылыту үшін, отынды көлікті от алдырту және басқа да көптеген қажеттіліктер үшін пайдаланады. Сондықтан энергияны үнемді пайдалану қажет немесе оларды пайдаланудың балама көздерін табу керек.



## Ауа

Ауа - адамдардың тіршілік ету ортасының маңызды құрамдас бөлігі. Бұл жер бетіндегі тіршіліктің, оның ішінде адам өмірінің негізі. Атмосфера зиянды ғарыш сәулелерінен қорғану қызметін атқарады, аймақтың және жалпы ғаламшардың климатын анықтайды, адамдардың денсаулығына, олардың еңбекке деген қабілеттілігіне, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің тіршілік ету белсенділігіне әсер етеді. Атмосфералық ауа геологиялық, экологиялық, термореттеушілік, қорғаныс, энергия ресурстары, шаруашылық және басқа да функцияларды атқарады. Ол тікелей немесе жанама түрде өндіріс үшін қажетті болып табылады.

Ауаның ластануы, яғни шаңға, пайдаланылған газдарға немесе иісті заттарға байланысты оның табиғи құрамының өзгеруі, ластану түріне, қоспалардың концентрациясына және олардың әсер ету мерзіміне байланысты адамдардың өмірі мен денсаулығына әсерін тигізіп, қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін. Атмосфераның химиялық заттармен ластануының негізгі көздері өнеркәсіп және көлік болып табылады.

Жел түріндегі ауа жойқын күш ретінде әсер етеді: құм мен топырақты шашады, ормандардағы ағаштарды құлатады, өртті таратады, шаңды дауылдарды көтереді және т. б.

Адамдар қоршаған ортаны ластайды. Соның салдарынан табиғатқа мынадай зиян келтіріледі:

- жер бетіндегі климаттың өзгеруі;
- ғаламшардың озон қабатының бұзылуы;
- тұщы судың жетіспеуі;
- топырақтың сарқылуы;
- биологиялық әртүрліліктің төмендеуі;
- тыныс алу жолдары ауруларының көбеюі.

Мектепке дейінгі ұйымда бала алғаш рет ауаның қасиеттерімен танысады, оның адам өмірі үшін маңызын біледі.

Ортаңғы топтан бастап өлі табиғат объектілерімен танысу бойынша зерттеу эксперименттерін жүргізу ұсынылады. Әртүрлі жобалар барысында әрбір тәрбиеленуші қорытынды жасауға, проблемалық жағдаяттарды табуға және шешуге, зерттеу әрекетінің нәтижесінде алынған сұрақтарға өз бетінше жауап табуға үйренеді.

Мысалы, ересек топта «Қоршаған ортадағы ауа» жобасын жүргізу балалардың ауа, оның қасиеттері, онымен жасалатын әрекеттер туралы білімі мен түсініктерін, сөздік қорын байытуға, ізденістік әрекетін, зейінін, ойлауын, сөйлеуін дамытуға, қоршаған ортаға қызығушылығын оятуға және оған қамқорлық жасауға мүмкіндік береді.

## Су

Су-сұйық зат, ол құйылады, төгіледі, ағады. Егер ғарыштан жерге қарайтын болсақ, ғаламшардың ауқымды бөлігін теңіздер, мұхиттар, өзендер мен көлдер алып жатқанын көруге болады.

Алайда, жер ғаламшарында жыл сайын өзендер саяздануда, зауыттар өнеркәсіп қалдықтарын су қоймаларына төгуде, адамдар қоқысты су

қоймаларының жанына тастауды әдетке айналдырған. Осының бәрі топырақ пен суды ластайды, соның салдарынан экология бұзылып, адамдардың денсаулығы нашарлайды.

Қазақстан аумағында су ресурстарының жетіспеушілігі жаһандық мәселелердің бірі болып саналады. Су ресурстарын дұрыс бөлмеу және пайдаланбау тұщы су көздерінің сарқылуына әкелді.



Қауіпсіз ішуге жарамды таза су азайып келеді. Судың жетіспеушілігінен тіршілік иелерінің өмір сүру қалпы бұзылады. Өсімдіктерге су құйылмаса солып қалады және тіршілігін жоюы мүмкін, жануарлар да сусыз тіршілік ете алмайды, мысалы, адам тамақсыз бір айдан артық өмір сүре алады, ал сусыз бірнеше күн ғана өмір сүре алады.

Су адамға не үшін қажет? Ол ішу, тамақ дайындау, жуыну, шомылу және т.б. үшін қажет. Сондықтан көптеген елді мекендер ежелден тұрғын үйлерін су қоймаларының жағасына салған.

Су - жануарлар үшін табиғи мекен болып табылады. Әртүрлі тіршілік иелері мұхиттарды, теңіздерді, өзендер мен көлдерді, тоғандарды мекендейді.

Су - өсімдіктердің тіршілігі үшін қажетті болып табылады. Ол өсімдікті сыртқы ортамен байланыстырушы құрал ретінде қызмет атқарады, өйткені суда қажетті минералды тұздар ериді, олар өсімдікке тамырлары арқылы нәр беріп, қоректенуін қамтамасыз етеді. Өсімдіктің құрамындағы судың көмегімен жапырақтарда пайда болған органикалық заттар және тамырлар арқылы сіңірілетін минералды заттар қозғалысқа келеді.

Мектепке дейінгі жаста балалар судың қасиеттерімен танысады, оларға тірі ағзалар үшін судың маңызы түсіндіріледі.

*Судың қасиеттері:* оның пішіні, түсі, иісі мен дәмі жоқ. Сондықтан: ол құйылған ыдыстың пішінін алады; егер оған бояу қосса, сол түске боялады; тұз, қант, лимон және т. б. қосса тиісті дәм мен иіске ие болады.

Су таза және кір болуы мүмкін: таза – мөлдір, кір – лай. Су әртүрлі температурада болады: суық, ыстық, жылы. Су өзінің күйін өзгерте алады: аязда ол мұзға, ал қызған кезде буға айналады. Мұз қатты, сынғыш, мөлдір, суық болады, жылудан ериді және суға айналады. Су қайнаған кезде буды байқауға болады. Бу жеңіл, ақшыл түсті, жоғарыға көтеріліп, салқындаған кезде су тамшыларына айналады. Күн күрт салқындаған кезде бу қарға, қырауға айналады. Қар ұшқындап жауады, қардың түсі ақ, жұмсақ және суық болады, жылудан ериді.

Судың тіршілік үшін маңызы өте зор. Ол барлық тіршілік иелеріне – адамдарға, өсімдіктерге, жануарларға қажет. Адамға таза, тұщы су қажет. Мұндай су өзендерде, көлдерде, бұлақтарда, жер астында болады.

Су-жер ғаламшарының қазынасы. Сондықтан ерте жастан бастап балаларды суды үнемді пайдалануға тәрбиелеу керек.

*Суды үнемді пайдалану ережелері*

1. Егер сіз үйде немесе балабақшада шүмектен су ағып жатқанын көрсеңіз, онда шүмекті дереу жабыңыз.

2. Шомылған кезде суды қатты ағызбаңыз, шүмекті жартылай жабыңыз. Бұл жуынуға кедергі келтірмейді және су аз мөлшерде жұмсалады.

3. Су ысырап болмас үшін тісіңізді жуып және аузыңызды шайып жатқан кезде судың шүмегін ашық қалдырмаңыз немесе ыңғайлы болу үшін суды ыдысқа құйып, қолдануға болады. Осылайша сіз суды үнемдейсіз!

4. Егер судың шүмегі бұзылып су тамшылап тұрса, дереу ересектерге хабарлау қажет.

5. Өзен жағасына қоқыс тастауға болмайды, тамақ қалдықтарын қоқысқа арналған контейнерге тастау керек.

Егер суды үнемді жұмсау ережелерін білетін және орындайтын болсақ, біз суды үнемдеуге көмектесеміз.

### **Жер**

Біз жаңа өнертабыстар арқылы адамның өмір сүру салты жеңілдетілген технологиялық ілгерілеу дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Адам жаратылысынан тұтынушы болып табылады, бірақ сатып алған заттардың барлығы күнделікті тұрмыста пайдаланылмайды.

Заттардың көп бөлігі қолданылмай, қоқысқа тасталады, яғни ғаламшарды ластауға үлес қосады.

Соңғы онжылдықта ғаламшар басқа мыңжылдықтарға қарағанда қатты ластанды. Негізінен, бұл өндіріс қалдықтары, өңделмеген қоқыстың жиынтықтары, пластика, дөңгелек қалдықтары және т.б.

Көптеген зауыттар мен басқа да өндірістік нысандар ауаға ұдайы зиянды заттарды шығарып, жерді қоқыстармен ластайды. Бұл қоқыс тасталған жерге ғана емес, бүкіл ғаламшарға да зиян келтіретінін байқауға болады. Қалдықтарды шығару үшін көптеген кәсіпорындар оларды жерге көму әдісін қолданады. Әрине, бұл тек қоқыс көмілген аймақтың топырағына ғана емес, сонымен қатар жақын аумақтағы топыраққа да кері әсерін тигізеді. Бұл жерге көкөністер мен жемістер отырғызылады, оның салдары көптеген аурулардың таралуына әкелуі мүмкін.

Семей ядролық сынақ полигонында 40 жыл бойы жүргізілген ядролық қаруды сынау адамдардың денсаулығына және қоршаған табиғи ортаға орны толмас залал келтіріп, халықтың жалпы сырқаттануы мен өлім-жітімінің өсуіне алып келді. Семейдің барлық аумағы, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының полигонға іргелес аудандары экологиялық апат аймағы деп танылды, ал радиациялық әсерді арттыруға ғарыш кемелерін іске қосу кезінде пайда болатын озондық тесіктер ықпал етеді.

Ауаның ластануына автокөліктер де кері әсерін тигізеді. Автокөліктердің қалаларды ластау деңгейі 25% - дан 50% - ға дейін құрайды. Автокөліктердің пайдаланылған газдарымен ауаның ластануы Алматы, Ақтөбе, Семей, Жамбыл, Өскемен қалаларында байқалады.



Автокөліктер ауаны, топырақты және суды ластаушылар болып табылады. Адамдардың шаруашылық қызметі: су, ауа, жер, орман, яғни барлық табиғат көздеріне кері әсерін тигізуде.

Химиялық және биологиялық заттармен ластану, топырақ эрозиясы, тұздану, батпақтану, су басу, құрғау, саркылу нәтижесінде жер пайдалануға жарамсыз болып қалуы мүмкін.

Орман өрттері мен ағаштарды кесу топыраққа зиян келтіреді. Адам ағаштарды кесу арқылы көгалдандыруға залал келтіреді, осының нәтижесінде екпе ағаштарының саны азайды. Жер – барлық тіршілік иелерінің ортақ үйі, сондықтан оны қорғауымыз қажет.

Келешек ұрпақ таза қоршаған ортада өмір сүріп, оның сұлулығы мен үйлесімінен ләззат алуы үшін адамзат тірі табиғаттың байлығы мен түрлерін сақтауға міндетті.

UNEP мәліметтері бойынша ғаламшар топырағының 15%-ы тіршілік ету мүмкіндігінен айрылған, 23%-да тозу процесі жүріп жатыр, барлық жердің 30% - ы көңнің шайылуына байланысты құнарлылығынан айырылды.



Халықаралық экологиялық ұйымдар қоршаған ортаны қорғау үшін белсенді түрде күресуде. Экологиялық қозғалыс мүшелері қоршаған ортаны адамның зиянды ықпалынан қорғап, табиғат мәселелеріне адамзаттың назарын аударуда.

«Ғаламшарды қоқыстардан тазартамыз» акциясын өткізіп, кейін дүниежүзілік мәртебеге ие болған Австралия тұрғындары алғаш рет 1993 жылдың қыркүйегінде жаппай мұхит жағажайларын тазартуға шықты. Бірте-бірте акцияға басқа елдер де қосылды және бүгінде оған бүкіл әлемдегі 100 мемлекеттен миллиондаған еріктілер қатысады. Адамдар демалыс орындарын, жағажайларды, орман саябақтары мен су қоймаларын, қала маңындағы аумақтар мен өзендерді қоқыстан тазартады, «Қалдықтарды тастауға жол бермейміз», «Қоқыстың орнына саябақ тұрғызамыз» және т.б. акцияларды өткізеді, ағаштар отырғызады, көрмелер, концерттер және баспасөз конференцияларын ұйымдастырады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтер балалармен бірге әртүрлі экологиялық жобаларды ұйымдастыруы және жобалардың тақырыптары: флора мен фаунаның жарқын өкілдерін зерттеуден бастап өз бетінше өсімдіктерді өсіру және олардың өсуін жүйелі бақылауды қамтуы мүмкін. Мысалы, «Терезе алдындағы бау-бақша», «Ағаш отырғызу», «Ауланы қоқыстан тазартамыз», «Құстар-біздің досымыз және тағы басқалар.

Жобалар әрекет түрлері бойынша бөлінеді:

балаларға эксперимент жасауға мүмкіндік беретін шығармашылық-зерттеу жобалары;

кейіпкерлердің бейнесіне ене отырып, ойын түрінде тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін сюжетті-рөлдік ойын жобалары;

ақпарат жинауға, талдауға және стендтерде, витраждарда және т. б. безендіруге мүмкіндік беретін ақпараттық жобалар.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалармен жүргізілетін жұмыстың міндеттері:

*білім беру:* балаларда қалдықтардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсері туралы түсінік қалыптастыру;

*дамыту:* балалардың танымдық қызығушылығын дамыту, заттарды жасалған материалы бойынша ажырата білу, байланыстырып сөйлеуін жетілдіру, балалардың сөздік қорын байыту.

*Тәрбиелік:* балаларды экологиялық мәдениет негіздеріне, көшеде тәртіп сақтауға, балабақшада тазалық пен тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.

*Қорытынды:* балалармен жұмыс жүргізудегі шынайы жетістіктер мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби шеберлігімен, экологиялық тәрбиенің әдістері мен нысандарын білуімен және оларды практикалық тұрғыдан меңгеруімен, сондай-ақ тәрбиелеу-білім беру процесінің Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының талаптарына сәйкес келуімен қамтамасыз етіледі.

### **Биологиялық әртүрлілік**

Биологиялық әртүрлілік тіршіліктің барлық нысандарының- өсімдіктердің, жануарлардың, ұсақ ағзалардың гендерін құрайтын және олар жеке компоненттер ретінде енетін экологиялық жүйелердің әртүрлілігін білдіреді.

Биологиялық әртүрлілікті сақтау - адамзаттың тұрақты даму қағидаларына көшудегі ажырамайтын құрамдас бөлігі. Осы мәселенің аясында жер бетіндегі тіршілік иелерін қорғау бүкіл адамзаттың міндеті және сонымен бірге оның ғаламшарда өмір сүруінің шарты екендігі алғаш рет танылды. Ғаламшардағы тіршілікті сақтау үшін ғаламшардың барлық үш негізгі бөлігі: табиғатты, қоғамды және экономиканы үйлестіру мақсатында өзара қатынастар жүйесін қайта құру қажет.

Биологиялық әртүрлілік - өте күрделі құбылыс, ол көбінесе үш бөлікке бөлінеді:

Гендер - бұл барлық жасушаларда болатын арнайы кодтар немесе командалар. Ағзадағы кодтардың алуан түрлілігіне байланысты адамдар бір-бірінен (түрі, әрекеті, мінез-құлқы) ерекшеленеді. Гендер көздің түсін, бойын, тұқым қуалайтын ауруды, шаштың түсін және т.б. анықтайды. Генетикалық даму жеке деңгейде көрінеді және адамдардың ерекшелігін білдіреді.

### **Биологиялық түрлер**

Экожүйе — бұл түрлер өмір сүретін нақты табиғи жағдайлар. Олардың кейбіреулері бізге таныс мысалы, орман, тау немесе теңіз экожүйелері. Жер бетінде экожүйелердің көптеген түрлері бар. Түр- бұл өзін-өзі көбейте алатын тірі ағзалар тобы. Әр түрлі түрлердің өкілдері-адамдар, әртүрлі жануарлар, жәндіктер, құстар және т. б. Қазіргі кезде гүлді өсімдіктердің



375000-нан астам түрі және сүтқоректілер мен құстардың 15000 түрі белгілі. Бір түрдің ішінде генетикалық әртүрлілік бар.

Жалпы сипаттамалары ортақ ағзалар тобы жануарларда тұқым, ал өсімдіктерде-әртүрлілік деп аталады.

Экожүйелер көптеген биологиялық түрлерден тұрады. Олар ұсақ ағзалар, өсімдіктер мен жануарлардың мекені болып қана қоймайды, сонымен қатар адамның табиғи орта өнімдерін экономикалық мақсатта қолдануы арқылы пайда келтіреді. Экожүйенің өнімдері — бұл жер бетіндегі қажетті өмір сүру жағдайларын қолдайтын барлық табиғи ресурстар мен процестер. Олар адамдарды тамақпен, таза ауамен және сумен қамтамасыз етеді, су деңгейін реттейді және су тасқынының алдын алуға көмектеседі. Олар қалдықтарды ыдыратады және қоректік заттарды айналымға келтіреді, бұл азық-түлік өндірісі үшін өте маңызды. Экожүйенің маңызды сапасы-табиғи ландшафттардың мәдени құндылығы болып табылады.



### **Биологиялық әртүрлілік және азық-түлік желісі**

Биологиялық әртүрлілік көбінесе «азық-түлік желісі» ретінде ұсынылады, өйткені көптеген ұсақ ағзалар, өсімдіктер мен жануарлар бір-бірімен қоректенеді, өзара әрекет етеді. Азық - түлік тізбегіндегі әдеттегі тәртіп-бұл күн сәулесі, өсімдіктер, шөп қоректілер немесе жануарлар. Азық-түлік тізбегінің бір түрінде жасыл шөптер мен жабайы гүлдер күн сәулесінен нәр алады. Адамдар өсімдіктер мен жануарлардың етімен қоректенеді. Бұл қарапайым азық-түлік тізбегінің үлгісі, оның негізі тек жасыл өсімдіктер, жануарлар, ұсақ ағзалар және адамдар болып табылады.

Ғаламшардағы тіршіліктің әртүрлілігін сақтау үшін күресудің бір тәсілі өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін қорғау болып табылады.

Биологиялық әртүрлілікті сақтауда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар маңызды рөл атқарады, олар: қорықтар, ұлттық саябақтар, мемлекеттік қорықтар, табиғи ескерткіштер.

Табиғи ортада азайып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлардың түрлері Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген.

Қызыл кітап-Қазақстанда сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктердің, құстардың тізімі енгізілетін кітап. Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген қандай да бір қауіп төніп тұрған барлық жануарлар елдің қорғауында болады.

Экологиялық тәрбие - бұл мектепке дейінгі педагогиканың жаңа бағыты. Мектеп жасына дейінгі балаларда биологиялық әртүрлілік туралы негізгі білімді қалыптастыру - бұл баланың айналасындағы тіршілік ету

ортасымен байланысты тіршілік иелерін тануы және осы негізде олармен өзара әрекет етудің дұрыс нысандарын дамыту. Биологиялық әртүрлілік туралы негізгі білімді қалыптастыру үшін жағдай жасау қажет.

Тәрбиеші педагогикалық процесті ұйымдастырудағы негізгі тұлға болып табылады. Бала өзін қоршаған ортадан ажырата бастайды, оның айналасындағы әлемге эмоционалды және құндылық қатынасы дамиды, тұлғаның адамгершілік - экологиялық ұстанымдарының негіздері қалыптасады.



Қоршаған табиғат балалардың көрнекі-сезімдік, эстетикалық, шығармашылық, эмоционалды және сөйлеуінің дамуына ықпал етеді. Олардың бойында мейірімділікті, сезімталдықты, байқағыштықты және басқа да жағымды қасиеттерді қалыптастыруға септігін тигізеді.

### **Тұрмыстық қатты қалдықтарды бөлек сұрыптау**

Тұрмыстық қатты қалдықтарды бөлек сұрыптау - кейіннен кәдеге жаратуды, қайта өңдеуді және жоюды қамтамасыз ету үшін қалдықтардың түрі мен құрамына байланысты коммуналдық қалдықтар бөлек жиналатын процесс (ҚР Экологиялық кодексі).

Әлемде жыл сайын тұрмыстық қалдықтардың саны артып келеді. Қалдықтар мәселесі қазіргі кезде көптеген елдерде өзекті болып табылады. Оны кешенді түрде: қоқысты өңдеудің жаңа технологияларын іздестіру арқылы емес, сонымен қатар экологиялық тәрбиенің көмегімен шешу қажет. Бұл мәселе неғұрлым ертерек қолға алынса, мінез-құлық мәдениетін меңгерген ұрпақ қалыптастыру мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

Қалада қоқысты азайту үшін не істеуге болады? Қоқысқа «екінші өмір» беруге бола ма?

Егер адамдар қоқысқа екінші өмір бере отырып, оны кәдеге жаратуды үйренсе, онда қоршаған орта таза болар еді.

#### Тұрмыстық қатты қалдықтарды бөлек сұрыптау дегеніміз не?

Бұл қағазды, тамақ қалдықтарын, пластикті, шыныны, органикалық заттарды және т.б. сұрыптау. Әрбір азамат үшін қалдықтарды бөлек жинауды бастау моральдық жауапкершілікке байланысты – бұл ғаламшарды сақтауға жеке үлес қосу және өзінің пайдасын келтіру болып табылады

#### Қоқысты сұрыптау не үшін маңызды?

Қалдықтардың жартысынан көбі қоқыс емес, қайта өңдеуге болатын қайталама шикізат. Қалдықтардың кейбір түрлері қайта өңдеуге арналмаған, тек кәдеге жаратуға жатады: шыны, қағаз, пластик, металл, автокөлік дөңгелектері және т.б. қайта өңделеді. Қоқыс тастайтын жерге құрамында ауыр металдар мен топырақ пен суды уландыратын басқа да қауіпті

қалдықтарды көмуге болмайды, оларды кәдеге жарату қажет. Оларға тұрмыстық және кеңсе жабдықтарының барлық түрлері, электроника, люминесцентті шамдар, мерзімі өткен дәрі-дәрмектер, сынап термометрлері және аккумуляторлар жатады.

Қоқысты бөлек жинау қандай мақсатты көздейді?

Қалдықтарды сұрыптау бірқатар маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

әлемдегі қоқыстың жалпы көлемі айтарлықтай азаяды;  
шикізатты қайта өңдеу кезінде табиғи ресурстарды тұтыну үнемделеді;  
қайта өңдеуге арналған материалдық шығындар азаяды;  
экологиялық жағдай жақсарады.

Қоқыс контейнерлері

Әртүрлі қалдықтар үшін арнайы түрлі-түсті бактарды орнату арқылы қоқысты бөлек жинау айтарлықтай жеңілдетіледі:

жасыл-шыны үшін;  
көк - макулатура үшін (*картоннан басқа*);  
сары - картон өнімдері үшін;  
қызғылт сары - пластикалық қалдықтар үшін;  
қызыл - өңделмеген қоқыс үшін;  
қоңыр - қауіпті заттар үшін;  
қара - органикалық заттар үшін.

Бұл тек бағдарлық тізім, әлемнің әртүрлі елдерінде қоқыс жәшіктерінің түсі бекітілген эталондарға сәйкес ерекшеленуі мүмкін. Сондықтан шатаспау үшін контейнерлерге арнайы жазулар немесе белгілер қойылады. Бактар санитарлық нормаларға сәйкес арнайы пластиктен немесе металдан дайындалады.

Үйде қоқысты бөлек жинауды неден бастау керек?

Шағын пәтерде де қоқысты бөлек жинауға болады, ас үйдің бір бұрышынан, балконнан немесе қоймадан жиналған қоқысты қоюға орын табылады.

Қалдықтарды бөлек жинауда ықшамдылық болуы керек-картон қаптамаларын бүктеп жинаса орын алмайды, ал алюминий банкаларды тігінен қоюға болады. Сұрыптаудың негізгі ережелері тазартуды немесе жууды, кептіруді және көлемді азайтуды қамтиды. Қалдықтардың әр түрі үшін бірнеше шелек немесе кіші контейнерлер сатып алған жөн.

Экологиялық мәселелерді шешу жолдары:

- қоқыс пен басқа да зиянды қалдықтарды тиімді өңдеу;  
- атмосфераны ластамайтын экологиялық қауіпсіз отынды пайдалану;  
- атмосфераны, суды және жерді ластағаны үшін мемлекеттік деңгейде қатаң санкциялар мен айыппұлдар салу;  
- халық арасында ағарту жұмыстары және әлеуметтік жарнама жасау.

Әдетте, лақтырылатын заттардан көп нәрсе түпнұсқа заттарға, қолөнерге негіз бола отырып, қайтадан қолданысқа ие бола алады.

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында қоршаған ортаны ластаумен қалай күресуге болады?



Мектепке дейінгі жас-тұлғаның экологиялық мәдениетін дамытудағы өзіндік құнды кезең. Мектепке дейінгі жаста баланың бойында қоршаған әлемге деген эмоционалды-құнды көзқарасы дамиды, тұлғаның адамгершілік-экологиялық қағидаларының негіздері қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесі - бұл балаларды қоршаған ортаны қабылдауға, оған ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Қажет емес заттарды немесе қоқысты пайдалану мәселесін шешуді балалардың табиғи және қалдық материалдардан (кәмпиттердің қағазы, қораптар, қақпақтар және т.б.) жасалған жұмысынан көруге болады. Ересек адамның пікірінше, бұл қажет емес заттар, ал бала үшін бұл жай ғана қазына болып табылады.

Күн сайын үйде көптеген бос пластикалық бөтелкелер, йогурт банкалары, түрлі қораптар және тағы басқалар жинақталады.

Қажет емес заттар-бұл лақтыруға болатын заттар, бірақ оны балалардың шексіз қиялына ерік беру арқылы қолдануға болады, олар балалар шығармашылығы үшін көптеген мүмкіндіктерге ие. Өйткені, баланың қолына түскен барлық зат оның көруге, ұстауға, зерттеуге деген ұмтылысын тудырады.

Пластикалық бөтелкелер мен йогурт банкаларынан көп заттар жасауға болады. Күнделікті өмірде көзге түспейтін заттар балалардың қолында өзгеріп, жаңа түрге енеді, бөтелкелер су бүркетін құрал, құмыралар, кеглилдер және «городки» ойындары үшін нысана болуы мүмкін. Олардан күрек пен құммен ойнауға арналған қалыптар, қайықтар, сондай-ақ, ойындар мен театрландырылған қойылымдар үшін әртүрлі қуыршақтар жасауға болады.

Ересектің көмегімен балалар ойлауды, қарапайым заттарды ерекше қолдануды үйренеді, бала эксперимент жасай бастайды. Қажет емес заттарды қолдана отырып, балалар оларды керемет ойыншықтарға айналдырады. Қолдан жасалған ойыншықтар баланың ең сүйікті ойыншығына айналады және оған пайдасын тигізеді.

Осылайша, қажетсіз заттар, қалдық материалдар, олардан жасалған бұйымдар балаларға барлық ұсақ-түйектерді көруге және оларды бағалауға көмектеседі. Қажетсіз заттарға екінші өмір беріп, олардан керемет сәндік заттар мен бұйымдар жасай отырып, ғаламшарды қоқыстардан тазартуға болады.

### **«Табиғат-ортақ үйіміз, оны қорғау парызымыз!» жобасы**

Мақсаты: балаларға тұрмыстық қалдықтардың түрлері және олардың қасиеттері туралы түсінік беру.

Міндеттері: балалардың жерді, суды, ауаны ластаудың негізгі көздері, оның салдары, ластануды болдырмау жөніндегі іс-шаралар туралы түсініктерін нақтылау.

## БАЛАЛАРДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ НЕГІЗДЕРІНЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім беру міндеттерін шешу педагогтің тікелей қатысуымен жүзеге асырылады. Ол балаларға білім беру, табиғат әлемі және экологиялық мәдениеттің құндылықтары туралы ақпарат беру процесін қамтамасыз етуге көмектесуі тиіс.

Тәрбиеленушілерде осындай көзқарасты қалыптастыру мектепке дейінгі білім беру жүйесі педагогтерінің тиісті дайындығынсыз мүмкін емес.

Педагог қызметінің табыстылығы (Т. В. Потаповтың пікірінше) мына сапаларды анықтайды:

1) экологиялық мәселелер мен олардың себептерін түсіну, қалыптасқан жағдайға азаматтық жауапкершілікті сезіну, оны өзгертуге деген ұмтылыс пен тиімді дайындық;

2) кәсібилік және педагогикалық шеберлік: экологиялық тәрбие әдістемесін меңгеру, экологиялық тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін түсіну, балалармен жұмыс тәжірибесінде нақты технологияны жүйелі түрде іске асыру, оны жетілдірудегі шығармашылық ізденіс;

3) тәрбиенің гуманистік моделін жалпы бағдарлау және енгізу: балалар балабақшада болған кезде қолайлы жағдай жасау, физикалық және психикалық денсаулығына қамқорлық жасау, жеке тұлғаға бағытталған тәрбие әдістерін қолдану, балалармен және отбасымен жеке жұмыс жүргізу.

Табиғатпен өзара әрекет тәрбиеленушінің ұқыпты қарым-қатынасын қалыптастыруға ықпал етуі үшін педагог не істеуі қажет?

1) педагогтің өзі экологиялық мәдениетті, табиғатпен өзара әрекет етудің үлгісін көрсетуі керек, оған немқұрайлылық танытпай, балалардың көз алдында болып жатқан барлық әрекеттердің маңыздылығын көрсетуі тиіс.

2) баланы жанашырлық танытуға үйрету. Ол үшін балалардың алдында табиғатқа деген эмоционалды оң қарым-қатынастың үлгісі болуы керек.

Мысалы, балаларға табиғат туралы өлең оқып беруге болады.

Табиғатты қорғау үшін бәріміз,

Күресейік, бір - бір ағаш егейік.

Текке отырмай бәріміз,

Таза ауа үшін терімізді төгейік.

Сүйейік табиғатты аялайық,

Біз одан жақсылықты аямайық.

Жайқалған табиғаттың аясында,

Жадырап бәріміз дем алайық!

Бала табиғат аясында болғанда қайшылықтарға жиі кезігеді. Бір жағынан, олар өсімдіктер мен жануарларға қызығушылықпен қарайды, оларға қамқорлық жасауға тырысады, екінші жағынан қатыгездік пен немқұрайлылық танытады. Мысалы, бала ұядан құлап қалған балапанды құтқаруға тырысып, оны қолына алады, көп жағдайда балапан өліп қалады немесе балалар жәндіктердің қанаттарын жұлып, жауын құрттарын өлтіріп, қатыгездік танытады.

Балалардың көпшілігі өсімдіктерді тірі деп санамайды. Оларға өзбетінше өсімдіктердің тіршілігін көру және олар да басқа тіршілік иелері секілді тыныс алатынын, қоректенетінін, қозғалатынын, көбейетінін түсіну қиын болып келеді.

Неліктен бұл жағдай орын алады? Бұл, ең алдымен, балалардың табиғат объектілерімен өзара әрекет ету ережелерін білмеуіне байланысты.

Егер ересек бұған назар аудармаса, балалар табиғат нысандарын әдемі және ұнамсыз, қажет және қажет емес деп бөлуге дағдыланады. Нәтижесінде бала оң тәжірибені жинақтаудың орнына жағымсыз, объектілерге немқұрайлы қарау тәжірибесін меңгереді.

Педагог танымдық материалды дұрыс таңдауы, оның мазмұнын жақсы жеткізе алатын әдістер мен тәсілдерді ойластыруы керек. Әдістерді таңдау және оларды кешенді қолдану қажеттілігі балалардың жас және жеке ерекшеліктерімен анықталады.

## **ТҮРЛІ ЖАС ТОПТАРЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАБИҒАТТА ӨЗІН ҰСТАЙ БІЛУДІҢ МІНЕЗ - ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық мәдениетке тәрбиелеуді іске асыру үшін бұл әрекетті түрлі жас топтарында педагог қалай ұйымдастыруы тиіс?

Кіші топта табиғатпен өзара әрекет ету өте маңызды болып табылады.

Педагог:

- тірі және өлі табиғат құбылыстарымен таныстырады; жануарлар мен өсімдіктер әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастырады; өсімдіктер мен жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелейді.

- балабақша ауласында ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастырады.

- қоршаған табиғаттың сұлулығына балалардың назарын аударады: балалар ересектің жануарлар мен өсімдіктеге қамқорлық жасауын, табиғат құбылыстарының ерекшеліктері туралы айтқандарын тыңдайды және есте сақтайды.

Жылдың басында кіші және ортаңғы топтарда тәрбиешіге қуыршақтарды қолданып, ертегілер айту («Шалқан» ертегісі) және ойнап беру ұсынылады. «Жемістер-көкөністер» тақырыбында ұйымдастырылған оқу қызметін өткізгенде (бау-бақшада шалқан, алма мен түрлі жемістер мен жидектер өсетінін айтып, көрсетуге болады) балаларды әртүрлі көкөністер-жемістермен таныстырады, оларды зерттеуге қатыстырады, көкөністер мен жемістердің дәмін татқызады. Ұй жануарлары тақырыбын «Шұбар тауық» ертегісінің көмегімен жалғастыруға болады және басқа да ұй жануарлары сиыр, ешкі, жылқы және т.б. таныстыруға болады. Ұйымдастырылған оқу қызметіне тосын сый ретінде ата-әже қонаққа келіп, сиыр мен бұзауы немесе ешкі мен лақтары туралы әңгімелеп береді, оларды шөппен қалай

коректендіретінін, қалай су беретінен көрсетеді. Тәрбиеші балаларға көмекшілер ретінде осы әрекеттерге қатысуға мүмкіндік береді, балалар ойыншық (немесе суретте бейнеленген) үй жануарларын шөппен коректендіреді, оларды өріске жайып, олар үшін қора салады, олардың қимылдары мен дыбыстарына еліктейді. Мұндай ойындар тәрбиеленушілерге ауыл шаруашылығынан хабардар болуға, ойын дағдыларын, қиялын дамытуға, ертегілер арқылы үй жануарлары туралы алған білімдерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Кіші топтардағы табиғат бұрышына негізгі бөліктері (сабақтары, жапырақтары) айқын көрінетін және ұзақ гүлдейтін өсімдіктер орналастыруға болады. Бұл (өңірлік) қазтамақ, шырайгүл, қынагүл, (азалия, раушан гүлі).

Аквариумдағы балықтарды, ауладағы ағаштарды, табиғат құбылыстарын, гүлдерді және т.б. күнделікті бақылау балаларға осы табиғат объектілері туралы нақты білім алуға мүмкіндік береді. Әрбір цикл 3-5 бақылауды қамтуы тиіс.

Осылайша, кіші мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу-білім беру процесіндегі басты міндет- оларды табиғатпен, өсімдіктер мен жануарлар әлемімен тірі тіршілік иелері ретінде таныстыру.

#### Ортаңғы топта тәрбиешінің міндеттері:

- тірі және өлі табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Ауа-райының жағдайын анықтауға, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылауға үйрету. Табиғат құбылыстарына қызығушылықты тәрбиелеу.

- туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністер мен жемістер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бөлме өсімдіктерінің түрлері, олардың айырмашылықтары (шегіргүл, қазтамақ, бегония және т.б.) туралы білім беру.

- Қазақстан аумағын мекендейтін үй және жабайы жануарлармен таныстыру;

-табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиеші әрекетін былай деп тұжырымдауына болады: «Мен көрсетемін-сендер маған көмектесесіңдер, үй жануарларына бірге қамқорлық жасаймыз!».

Ортаңғы топта табиғат бұрышында: шегіргүл, қазтамақ, бегония және т.б. орналастыру ұсынылады. Балалар күтім жасау әдісін жапырақтардың сипатына қарай: көлеміне, санына, үстіңгі қабатының жұмсақтығына байланысты үйренеді.

Педагог тірі нысандардың өсуі мен дамуы үшін су, жарық, ауа, қорек және айналасындағылардың қамқорлық танытуы қажет екенін еске салып отыруы тиіс.

Тәрбиешінің табиғат бұрышында балалармен бірге бөлме өсімдіктеріне, аквариумға күтім жасауы, қыстап қалатын құстарды коректендіруге қатысуы және т.б. балалардың табиғаттағы байланыстарды түсінуіне, оларды қарапайым еңбек әрекеттеріне баулуға және күтім

жасаудың тіршілік иелері үшін маңызын түсінуіне ықпал етеді. Жұмыс жүргізудегі белсенді құралдар: халық ертегілерін айтып беру және ойнау, кітаптардағы суреттерді қарау, экологиялық сауық кештерді өткізу, берілген тақырып бойынша бейне таспаларды қарау және т. б.

Ересек топта педагог өлі табиғат нысандары – су, жер, ауа, күн туралы балалардың алған білімдерін кеңейтуді жалғастыру ұсынылады; табиғат құбылыстары туралы түсініктерді қалыптастыру: жел, жаңбыр, тұман; табиғаттың маусымдық өзгерістеріндегі себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға үйрету; табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері мен жануарларға күтім жасау ережелерімен және өсімдіктердің өсуі мен дамуы үшін қажетті жағдайлармен таныстыру.

5 жастағы балалар кіші жастағы балалардан физикалық және психикалық мүмкіндіктерімен ерекшеленеді: олар сенімділік танытады, дербестіктің бастапқы дағдыларын меңгереді, зейіндері неғұрлым тұрақтанады, қабылдауы мен ойлау қабілеттері неғұрлым дамиды, ересектің сөзін түсінеді және қайталайды.

Ересек топта табиғат бұрышына өсімдіктердің 6-8 түрін орналастыруға болады: традесканцияның 2 түрі, хлорофитум, сеткреазия, витис (бөлме жүзімі), шырмауық, папоротник, теңбілгүл, амиллис.

Табиғат бұрышындағы балалардың әрекеті табиғат туралы практикалық дағдылар мен қажетті түсініктерді қалыптастыруға ықпал етеді және біртіндеп балалардың дербес әрекетіне айналады.

Балалардың бақылау объектілері: аквариумдегі балықтар, тордағы сәндік құс, теңіз шошқасы, шырша, гүлдер, ауладағы алғашқы көктем гүлдері және т.б. болуы мүмкін. Алған білімді бекіту үшін сенсорлық негізде балалардың табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен объектілер туралы нақты түсініктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін 4-6 бақылау жүргізу қажет.

Табиғат бұрышында балалар мен тәрбиешінің бірлескен әрекеті балалардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал етеді, олар табиғат бұрышын мекендеушілерге күтім жасау дағдыларын игереді. Осы жас тобындағы балалар суреттердің көмегімен бұл өзгерістерді күнтізбеде белгілейді. Мысалы, «терезе алдындағы бау-бақша» жобасы, шыны ыдыстарда пиязды өсіру (эртүрлі жағдайларда), оларды апта сайын бақылау және күнтізбеде белгілеу. Бұл балалардың байқағыштығын, өсіп келе жатқан өсімдіктердің өзгеруін байқай білу, олардың өсуі үшін эртүрлі жағдайлардың маңыздылығын түсіну қабілетін дамытады.

Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында көркем шығармаларды қолдану ұсынылады. Мысалы, жануарлар туралы әңгімелер, суреттері бар кітаптарды қарастыру. Қуыршақтарды пайдалану балаларды орманның экожүйесімен, оның барлық мекендеушілерімен танысуын жеңілдетеді, ал дәрігер Айболиттің көмегімен балаларды денсаулықтың (өзінің және басқа тіршілік иелерінің) құндылығын түсінуге баулуға болады.

Ересек топтың балалары квест ойындарына, әдеби кейіпкерлермен диалогтарға, ойыншықтармен ойнауға қуана қатысады.

Осы жас кезеңінің маңызды ерекшелігі-сюжетті-рөлдік ойынның қалыптасуы, оған балалардың қызығушылық танытуы болып табылады. Сондықтан педагог сюжетті-рөлдік ойынды экологиялық-педагогикалық жұмыста жиі қолдануы керек, бұл балалардың экологиялық мәдениет дағдыларын жақсы меңгеруін қамтамасыз етеді.

Мектепалды даярлық тобында/сыныбында тәрбиеші балалардың тірі және өлі табиғат құбылыстары (тастар, су, жел, күн, жаңбыр) туралы білімдерін кеңейтуді жалғастырады, бөлме өсімдіктерінің жаңа түрлерімен және оларға күтім жасау тәсілдерімен таныстырады. Балаларға бидайды қалай өсіретінін әңгімелеп береді, еңбек адамдарын құрметтеуге тәрбиелейді. Себеп-салдарлық байланыстарды орнату қабілетін жетілдіреді. Педагогтер тәрбиеленушілерге табиғат бұрышын мекендеушілер, бөлме өсімдіктері үшін жағдай жасауды бақылауға және қатысуға мүмкіндік береді. Балалардың дербестігі артады, олармен табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыруға болады.

Бақылау барысында балалар жануарлардың немен қоректенетіні, дене құрылысы туралы қарапайым мәліметтер алып қана қоймайды, сонымен бірге олардың тіршілік ету ортасымен байланысын, ортаға бейімделуін байқайды. Арнайы бақылаулар жануарлардың қимыл-қозғалысын, қоректенуін байқауға, олардың тіршілік әрекеті үшін қолайлы жағдайлар жасау керектігін түсінуге және оларға қамқорлық танытуға бағытталады.

Мектепалды даярлық тобында балаларды бөлме өсімдіктерінің 8-10 түрімен таныстыруға болады: қазтамақ, фуксия, раушан (шегіргүл, бегония, сансевьера), аспидистра, аспарагус, глексиния, саксифраж, хлорофитум, бриофиллум.

Педагог терезе алдында, бақта (көкөніс) және учаскеде (гүл) өсетін өсімдіктерді бақылауды ұйымдастыра алады. Бақылау кезінде балалар өсімдіктердің тіршілік етуі оларға жасалатын жағдайлармен өзара байланысты ерекшеліктерді атай алады. Балалардың көздерін жеткізу үшін қарапайым тәжірибелер жүргізу (мысалы, пияз үш түрлі жолмен өсіріледі: барлық жағдайлар болған кезде, қараңғыда, суықта) ұсынылады. Педагог эстетикалық сипаттағы бақылау циклдарын қамтиды: онда балалар тек қолайлы жағдайлар жасалғанда ғана өсімдіктердің жайқалып, өсетінін байқауды үйренеді.

Экологиялық дамуда пиктограммалық-символдық үлгідегі күнтізбе маңызды рөл атқарады. Балалар суреттермен кезеңге, маусымға тән ерекшеліктерді, белгілермен-пиктограммалармен – ауа – райы құбылыстарын, түстермен-аптаның күндерін бейнелеуді үйренуі тиіс.

Жұмыстың жаңа түрі: «Жасыл шырша» (желтоқсанның басынан бастап қаңтардың ортасына дейін), «Қоқысты тазартамыз», «Біз табиғатпен доспыз», «Құстар-біздің досымыз» және т. б. табиғатты қорғау акциялары болып табылады.

Балаларды ынталандыру үшін әр баланың барлық игі істері ұсынылатын «Игі істер панорамасы» панносын әзірлеу болып табылады, онда балалар өздерін және басқаларды (фотосуреттерді) паннодан көреді,

жақсы әрекеттің маңыздылығын түсіне бастайды, олар өзінің мінез-құлқын ересектердің немесе балалардың бағалауына немқұрайлы қарамайды – бұл тұлғаның адамгершілік тұрғыдан дамуын ынталандыратын адамгершілік сезімін қалыптастырудың бастамасы. Сонымен қатар, тәрбиешіге оқу жылы бойы балаларға тірі және өлі табиғат туралы әңгімелер мен ертегілерді оқып беру ұсынылады: Ы. Алтынсариннің «Аурудан аяған күштірек», «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш», «Бір уыс мақта»; Ж. Кәрбозиннің «Алша»; М. Төрежановтың «Өмірдің қайнар көзі», «Бұзау», «Қолғабыс», «Ақ лак», «Бұлбұлдың үні»; Д. Досжановтың «Ардақ –табыншының ұлы»; Ө. Тұрманжановтың «Ақ бота» шығармаларының маңызы зор.

Тәрбиеленушілер тыңдалған ертегілер мен әңгімелерден алған әсерлерін суретке салады. Тәрбиеші салған суреттерді жинайды, балалардың әңгімелерін жинақтайды, содан кейін оны кітап қылып шығарады да, балалардың қолдануы үшін кітап бұрышына қоюға болады.

Осылайша, балалар табиғаттың сұлулығын экологиялық тұрғыдан түсіне бастайды. Қорытынды: мектепке дейінгі жаста бала қоршаған ортаны эмоционалды түрде қабылдайды, табиғатқа жанашырлық танытады және осыған сәйкес табиғатқа деген сүйіспеншілікті дамыту қажет.

## **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БОЙЫНША ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕРІ, НЫСАНДАРЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ**

Экологиялық білім беру бойынша жүргізілетін барлық жұмыс ұйымдастырылған оқу қызметі процесінде және басқа да режимдік сәттерде жүзеге асырылуы тиіс. Балалардың ҰОҚ-де алған білімдері, біліктері мен дағдылары күнделікті өмірде кеңейтіледі.

Тәрбиеші үнемі табиғаттағы жаңа құбылыстарды, олардың ерекшеліктерін көруге, әр тәрбиеленушінің дамып келе жатқан жеке қасиеттерін байқауға және бағалауға мүмкіндік беретін байқау қабілетіне ие болуы керек.

Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесінде оқытудың әртүрлі әдістері қолданылады: көрнекі, практикалық, сөздік. Экологиялық мәдениетті тәрбиелеуде осы әдістер кеңінен қолданылады.

Көрнекі әдістерге бақылау, көрсету, суреттерді қарау жатады. Көрнекі құралдар (заттар, суреттер, бейнефильмдер, презентациялар, компьютерлік бағдарламалар) балаға таныс және бейтаныс заттардың көрнекі бейнесін береді. Суреттердің, сызбалардың көмегімен балаларда көрнекі бейнелер қалыптасады. АКТ технологиялары оқыту құралы ретінде динамикалық көрнекі бейнелерді жасау үшін қолданылады. Көрнекі әдістер зерттелетін материалды балаларға қызықты, қол жетімді етуге мүмкіндік береді. Көрнекі материалдың көмегімен сабақ қызықты және нәтижелі болады. Көрнекі материалды қолдану меңгерілген материалдың сапасын тексеруге мүмкіндік береді, тәрбиеленушілердің белсенділігін, шығармашылығын дамытуға

ықпал етеді, баланың ойлауын ынталандырады, табиғатқа деген қызығушылығын тудырады.

Экологиялық тәрбиенің негізгі нысандарының бірі-бақылау. Бақылау – бұл тәрбиеші арнайы ұйымдастырған табиғатпен таныстырудың негізгі тәсілі, балалардың табиғат объектілері мен құбылыстарын мақсатты түрде қабылдауы.

*Мектеп жасына дейінгі балалармен бақылау жүргізуге қойылатын талаптар:*

1. Бақылаудың мақсаты мен міндеттері нақты қойылуы тиіс. Сонымен қатар, балалардың ойлау белсенділігін дамытуды ынталандыру үшін міндеттер танымдық сипатта болуы керек.

2. Әр бақылау үшін шағын ақпарат таңдау керек. Табиғат нысандары мен құбылыстары туралы түсініктер біртіндеп, бірнеше бақылау жүргізілгеннен кейін қалыптасады. Әр бақылау алынған түсініктерді нақтылауы, бекітуі және кеңейтуі керек.

3. Бақылауды ұйымдастыру жүйесін, олардың өзара байланысы туралы ойластыру керек, бұл балалардың бақылайтын процестер мен құбылыстар туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді.

4. Объектілерді, табиғи заттарды бақылау нәтижесінде балалардың алған білімдері олармен экологиялық жұмыстың басқа әдістерін (сөздік және практикалық) қолдану арқылы нығайтылуы тиіс. Мақсатқа табысты қол жеткізу үшін тәрбиеші балалардың белсенді қабылдауын ұйымдастыратын арнайы әдістерді ойластырады және қолданады: сұрақтар қою, объектілерді тексеру, салыстыру, жеке объектілер мен табиғат құбылыстары арасында байланыс орнату ұсынылады.

Табиғатпен танысуда байқауды жүйелі қолдану балаларды мұқият қарауға, бақылайтын заттың ерекшеліктерін байқауға үйретеді және ақыл-ой тәрбиесінің маңызды міндеттерінің бірін шешуге, яғни байқағыштықты дамытуға септігін тигізеді.

#### *Модельдеу*

Модельдеу тәрбиеші мен балалардың модель құрудағы бірлескен әрекеті ретінде қарастырылады. Мақсаты: балалардың табиғат объектілерінің ерекшеліктері, олардың құрылымы, олардың арасындағы байланыстар мен қатынастар туралы білімді табысты меңгеруді қамтамасыз ету. Ол шынайы нысандарды заттармен, сызба суреттермен, белгілермен алмастыру қағидасына негізделген.

#### *Қарапайым тәжірибелер және эксперимент жүргізуу*

Балалардың табиғат туралы алған білімдері түсінікті болуы үшін мектепке дейінгі ұйымда балалар қарапайым тәжірибелер жасауы мүмкін. Тәжірибелерге, зерттеулерге арналған жабдықтар қауіпсіз болуы тиіс. Тәжірибелер балалардың табиғатқа деген танымдық қызығушылығын қалыптастыруға, байқағыштығы мен ақыл-ой белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Әр тәжірибеде бақыланған құбылыстың себебі ашылады, балалар пайымдаулар, тұжырымдар жасайды. Олардың табиғат объектілерінің қасиеттері (қардың, судың, өсімдіктердің қасиеттері, олардың өзгеруі



туралы) туралы білімдері нақтыланады. Тәжірибелер балалардың себеп-салдарлық байланыстарды білуінде үлкен маңызға ие.

Тәжірибелерді көбінесе мектепке дейінгі ересек жаста жүргізу ұсынылады. Тәжірибе үнемі балалардың бақылау және еңбек процесінде алған түсініктері негізінде құрылуы керек. Тәжірибе жасай отырып, тәрбиеші өсімдіктер мен жануарларға зиян келтірмеуі тиіс.

#### *Табиғат бұрышы*

Балабақшадағы табиғат бұрышының тұрақты мекендеушілері – бөлме өсімдіктері. Табиғат бұрышын жабдықтау кезінде тәрбиеші мынадай талаптарды ескеруі тиіс:

- табиғат бұрышы жарқын және ашық түсті болуы;
- сөрелер міндетті түрде бекітілуі;
- әр жас тобында табиғат күнтізбесі болуы;
- өсімдіктер баланың көз деңгейінде орналасуы;
- өсімдіктер мүлдем қауіпсіз болуы керек;

-аквариумдарды, жануарларды, құстарды топ бөлмелеріне орналастыруға жол берілмеуі қажет, мұнда тек өсімдіктер орналастырылады.

Сауықтырушылық маңызы: өсімдіктер бөлменің ауасын тазартады, ауаны ылғалдандырады және оны оттегімен байытады, дәрілік өсімдіктер дәрілік мақсаттарға қолданылады.

Тәрбиелік маңызы: адамгершілік қасиеттер мен табиғатқа эмоционалды-оң көзқарас қалыптасады (ұқыпты қарым-қатынас, тіршілік иелеріне қамқорлық, еңбекке деген құрмет, патриотизм сезімі, табиғатқа деген сүйіспеншілік).

Сөздік әдістер - әңгімелесулер, табиғат туралы көркем шығармалар оқу, сипаттау, түсіндіру, дербес зерделеу. Сөздік ойындар зейінді дамытуға және байланыстырып сөйлеуге бағытталуы тиіс.

#### *Тәрбиешінің табиғат заттары мен құбылыстары туралы әңгімелеуі*

Ұйымдастырылған оқу қызметінде, экскурсиялар мен серуендерде, балалармен күнделікті қарым-қатынаста тәрбиеші балаларға жаңа, беймәлім мәліметтер туралы хабарлау үшін қолданылатын табиғат туралы әңгімелерді қолдануына болады. Әңгіме – тәрбиешінің шығармашылық көркемдік әрекетінің бір түрі, ол табиғат туралы белгілі бір білімді, байқағыштықты, табиғат құбылыстарын салыстыра білуді, оларды ойластыруды талап етеді. Әңгімелесу кезінде сөйлеудің мәнерлілігі де маңызды болып табылады. Әңгіме құрастырған кезде тәрбиеші балаларға таныс сөздерді ғана емес, сонымен бірге олардың сөздік қорын байытатын жаңа сөздерді де енгізуі тиіс.

Әңгіме иллюстрациялар, фотосуреттер, слайдтар көрсетумен сүйемелденуі қажет. Бұл балаларға оның мағынасын түсінуге көмектеседі.

#### *Табиғат туралы көркем әдебиет қолдану*

Балаларға көркем шығарма оқу олардың білімін байытуға, айналасындағы әлемге тереңірек үңілуге, көптеген сұрақтарға жауап іздеуге көмектеседі.

Табиғат туралы көркем әдебиет оқу балалардың сезіміне терең әсер етеді. Олардың мазмұнымен таныса отырып, балалар оқиғалардың барысын бастан кешіреді, қиялдағы жағдайға беріледі. Бұл этикалық түсініктерді қалыптастыруға көмектеседі: табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қамқорлық. Көркем шығармаларды оқығаннан кейін бір немесе бірнеше оқылған кітаптар туралы әңгімелесу ұйымдастыруға болады.

*Әңгімелесу балаларды табиғатпен таныстыру әдісі*

Тәрбиешілер әңгімені әртүрлі дидактикалық мақсаттарда:

- алдағы әрекетке қызығушылықты ояту үшін (байқау, экскурсия алдында);

- балалардың табиғат туралы білімдерін нақтылау, кеңейту, бекіту және жүйелеу үшін, табиғатқа деген оң көзқарасын қалыптастыру үшін қолданады.

Табиғат туралы әңгімелер мынадай түрлерге бөлінеді: кіріспе, эвристикалық және қорытынды.

*Кіріспе әңгіме* тәрбиешіге балалардың зейінін шоғырландыруға, алдағы әрекетке қызығушылық тудыруға, балалардың алған білімдері мен алдағы экскурсия, бақылау және т. б. арасында байланыс орнату үшін бар тәжірибені қолдануға көмектеседі.

*Эвристикалық әңгіме* пайымдау арқылы әртүрлі табиғат құбылыстарының себептерін анықтауды қамтиды. Мұндай әңгіме балалардың бақылау процесінде алған білімдері негізінде құрылады. Ол табиғаттағы өзара байланыстар туралы білімді тереңдетуге, балалардың танымдық міндеттерді дербес шешуіне бағытталады.

*Қорытынды әңгіме* бақылау, ойындар, көркем шығармаларды оқу, еңбек процесінде балалардың табиғат туралы алған білімдерін жалпылау және жүйелеу үшін қолданылады. Қорытынды әңгімені ортаңғы топтан бастап тәрбиеші ұйымдастырады. Бұл балаларда табиғат туралы түсініктердің жинақталуына қарай және егер бұл түсініктерді барлық балалар игерген жағдайда ғана жүргізу ұсынылады.

**Практикалық әдістер** - бұл ойын, қарапайым тәжірибелер және модельдеу.

Педагог-ғалымдар экологиялық тәрбиенің әртүрлі нысандарын әзірледі: бұқаралық, топтық, жеке.

Бұқаралық нысандарға: балалардың балабақшадағы экологиялық мерекелерге, экологиялық фестивальдерге, рөлдік ойындарға, учаскедегі еңбекке және т. б. қатысуы жатады.

Топтық нысандар: балабақша аумағынан тыс экскурсиялар; мақсатты серуендер, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс.

Жеке нысандар жануарлар мен өсімдіктерді бақылауды, қолдан бұйымдар жасауды, сурет салу мен мүсіндеуді қамтиды.

*Табиғат күнтізбесі* әр топ үшін пайдалы болып табылады. Ол қызықты ғана емес, сонымен қатар мазмұнды болуы керек.

Күнтізбенің негізгі функциялары:

- балаларда экология туралы түсінік қалыптастыру;

- ойлауды, әртүрлі табиғи құбылыстар арасында себеп-салдарлық байланыс орнату қабілетін дамыту;

- табиғат аясында болғанда жағымды мінез-құлықты тәрбиелеу және оны сақтауға ұмтылдыру;

- әлемнің алуан түрлілігі туралы түсініктерді кеңейту.

*Экскурсиялар* - экологиялық тәрбие бойынша жұмысты ұйымдастырудың ерекше нысаны. Экскурсиялар мектепке дейінгі ұйым ауласынан тыс жерде өткізіледі. Экскурсиялардың артықшылығы - бұл балалардың табиғи жағдайда табиғат объектілерімен және құбылыстарымен танысуына мүмкіндік береді. Экскурсияларда балалар өсімдіктермен, жануарлармен және сонымен қатар олардың тіршілік ету жағдайымен танысады, бұл табиғаттағы өзара байланыстар туралы бастапқы түсініктердің қалыптасуына, сондай-ақ байқағыштықты дамытуға ықпал етеді.



Экскурсиялар балалардың таза ауада болуымен, денсаулықты нығайтуға ықпал ететін қимылдарымен байланысты болады. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді балаларға көрсету үшін табиғаттағы экскурсияларды жылдың әр мезгілінде бір жерде өткізген жөн.

*Экологиялық мерекелер мен ойын-сауықтар*

Мерекелер мен демалыстардың педагогикалық маңызы-балалардың табиғатқа деген жағымды эмоционалды көзқарасын қалыптастыру. Сауықтар әртүрлі тақырыптарда өткізіледі - оларды тәрбиеші ұйымдастырады.

*Экологиялық акциялар* – бұл қоршаған ортаны сақтауға бағытталған маңызды іс-шаралар. Оларды өткізу барысында балалар табиғат туралы білім алады, оларда экологиялық мәдениет дағдылары, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасады. Акциялар ата-аналар арасында экологиялық насихат ретінде қызмет атқарады.

*Экокітап (Буккроссинг).*

Қазіргі кезде халықтың көпшілігі кітап оқымайды. Бұл мәселені шешу үшін өскелең ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру қажет. Егер отбасы мүшелері кітапты көп оқитын болса, онда бала өз отбасының өмір сүру салтына еліктейді.

Буккроссинг дегеніміз не? (ағыл. bookcrossing) - ағылшын тілінен аударғанда «кітаптарды алмастыру» немесе кітап айналымы дегенді білдіреді. Оның идеясы өте қарапайым – «кітапты оқып болсаң, басқаға бер».

Кітап оқудан үздіктерді марапаттауды жасыл жалауша берумен аяқтауға болады.

*Табиғаттағы балалар еңбегі*

Табиғатта жұмыс түрлерімен айналысу балаларға үлкен қуаныш сыйлайды және олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Еңбек процесінде балаларды табиғатқа деген сүйіспеншілікке, оған ұқыпты және қамқорлықпен қарауға тәрбиелейді. Балаларда еңбекке деген қызығушылық, оған саналы, жауапты қарауы дамиды.

Табиғатта еңбек ете отырып, балалар табиғат объектілерінің қасиеттерімен, олардың жағдайларымен танысады, осы қасиеттерді анықтау тәсілдерін үйренеді.

Табиғаттағы еңбек процесінде балаларда өсімдіктер, жануарлар туралы білімдері қалыптасады.

Балалар өсімдіктерді бақылайды, еңбек дағдылары мен біліктерін дамытады (өсімдіктерді суару, қопсыту, тұқым және өнім жинау және т.б.). Бұл жұмыс еңбексүйгіштікке, дербестікке және өзара көмекке тәрбиелеуге септігін тигізеді.

### **Ойын әдістері**

Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесінде әртүрлі ойындар кеңінен қолданылады. Мектепке дейінгі тәрбие практикасында бірнеше ойын түрлері қолданылады:

*Дидактикалық ойындар* - дайын мазмұны, ережелері бар ойындар. Дидактикалық ойындар барысында балалар табиғат заттары мен құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар туралы түсініктерін нақтылайды, бекітеді, кеңейтеді. Ойындар балаларға табиғи заттарды пайдалануға, оларды салыстыруға, сыртқы белгілерінің өзгеруін көруге мүмкіндік береді. Көптеген ойындар балалардың жалпылау және жіктеу қабілетін дамытады, табиғатқа оң эмоционалды көзқарасын тудырады.

Үстел-үсті ойындарында балалардың өсімдіктер, жануарлар, өлі табиғат құбылыстары туралы білімдері нақтыланады, жүйеленеді.

*Сөздік ойындар* – бұл балаларда бар білімдердің мазмұны мен сөзді қамтитын ойындар. Олар балалардың белгілі бір заттардың қасиеттері мен белгілері туралы білімдерін бекіту үшін өткізіледі.

*Қимылды ойындар* жануарлардың қимылдарына, олардың тіршілік ету салтына еліктеумен байланысты ойындар. Жануарлардың қимылдарына, дыбыстарына еліктей отырып, балалар білімдерін бекітеді; ойын барысында табиғатқа деген қызығушылығы артады.

*Эксперимент ойындары* физикалық және табиғи құбылыстар мен заңдылықтардың дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

*Квест ойындарының* ерекшелігі - балалар бір тапсырманы орындағаннан кейін келесі тапсырманы орындауға кеңес алады, бұл қимыл белсенділігін және таным мен зерттеуге мотивациялық дайындықты арттырудың тиімді құралы болып табылады. Тапсырмалар мазмұны бойынша әр түрлі: шығармашылық, белсенді, интеллектуалды және т.б. болуы мүмкін. Квест ойындары жабық кеңістікте (топта, балабақша үй-жайларында), табиғатта да өткізілуі мүмкін. Квест ойындарын шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

- **Сызықтық** (ойын тізбек бойынша құрылады: қатысушылар бір тапсырманы шешіп, келесі тапсырманы алады және барлық тапсырманы орындайды);

- **Шабуылшылар** (ойыншылар негізгі тапсырманы және кеңестердің тізімін алады, бірақ, міндеттерді шешу жолдарын өздері таңдайды);

- Сақина (бірдей «сызықтық» квест, бірақ тұйықталған шеңбер. Командалар үшін мәре болып табылатын әр түрлі нүктелерден бастайды). Кез-келген квест ойыны педагогтің мұқият дайындығын қажет етеді.

Экологиялық тәрбие бойынша жұмыста әртүрлі әдістерді бір-бірімен дұрыс үйлестіре отырып, кешенді қолдану қажет.

### **Мектепке дейінгі ұйымдағы дамытушы экологиялық орта**

Баланың дамуы тәрбие мен оқыту процесінде, яғни педагог оның ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасының әртүрлі нысандарында ұйымдастыратын белсенді, мазмұнды әрекетте жүзеге асырылуы тиіс. Ол үшін мектепке дейінгі ұйымда Стандарттың талаптарын ескере отырып, арнайы экологиялық орта құрылуы қажет, онда бала өзінің қабілеттері мен қажеттіліктерін дамытады, тәжірибе жинақтайды және экологиялық мәдениеттің қажетті дағдыларын игереді.

Балабақша учаскесіндегі, топтардағы табиғат бұрыштарындағы, экологиялық орталықтағы, экологиялық соқпақтағы, балабақша аумағындағы метеостанциядағы өсімдіктер мен жануарлар әлемінің алуантүрлілігі, мектепке дейінгі ұйым үй-жайындағы табиғат орталығы балаларды тәрбиелеу үшін қажетті дамытушы экологиялық ортаны құрайды. Мұндай ортаны құру, оны дұрыс ұстау, жетілдіру және кейін педагогикалық қызметте қолдану экологиялық тәрбиенің негізі бола алады.

Тәрбиеленушілерді табиғатқа саналы түрде дұрыс қарауға тәрбиелеудің алғашқы буыны-тірі табиғаттың жетекші заңдылықтарын көрсететін нақты білім жүйесі: түрлердің алуантүрлілігі, олардың тіршілік ету ортасына бейімделуі, өсу мен даму процесіндегі өзгерістері, қауымдастықтардағы тіршілігі.

Экологиялық тәрбие әдістемесінің ерекшелігі-баланың табиғат объектілерімен тікелей қарым-қатынас жасауы, табиғат пен жануарларға қамқорлық жасаудағы практикалық әрекеттері, оларды бақылауы және талқылау барысында көргендерін түсіндіруі болып табылады.

Табиғатты жанама түрде тану (кітаптар, слайдтар, суреттер, әңгімелер және т.б. арқылы) қосалқы маңызға ие: оның міндеті - баланың табиғат объектілерімен тікелей байланыста алған әсерлерін кеңейту және толықтыру болып табылады.

Балабақшадағы экологиялық орта - бұл мектепке дейінгі ұйымда тіршілік ететін және ересектер мен балалардың қамқорлығында болатын жануарлар мен өсімдіктер; тәрбиешілер мен балабақшаның басқа қызметкерлері табиғаттың әр объектісінің экологиялық ерекшеліктерін: олардың белгілі бір экологиялық факторларға деген қажеттіліктерін, ол өзін жақсы сезінетін және дамитын жағдайларды білуі өте маңызды.

Мектепке дейінгі ұйымда мынадай талаптарға сәйкес келетін болса кез-келген жануарлар мен өсімдіктерді ұстауға болады:

- балалар мен ересектердің өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз (улы және тікенді өсімдіктерді, агрессивті жануарларды ұстауға болмайды);

- ұстау және күтім жасау тұрғысынан жағдай талғамайтын өсімдіктер мен жануарлар. Балабақшада балаға басты назар аударылады, өсімдіктер мен жануарлар олардың тәрбиесіне ықпал ететін тіршілік ету ортасы;

- өсімдіктер мен жануарларға күтім жасау тәрбиешінің көп уақытын алмауы керек.

Тәрбиеші балабақшадағы табиғат аймағының кез-келген басқа өкілдері туралы экологиялық ақпаратты арнайы кітаптар мен анықтамалықтардан қарайды. Балабақшаларда табиғат аймағын жабдықтауға экологиялық тәсілді қатаң сақтау балаларға:

1) тірі ағзаның сыртқы ортамен ажырамас және жалпы байланысын;

2) тіршілік ету ортасының белгілі бір жағдайларына өсімдіктер мен жануарлар әлемінің бейімделуін;

3) жаңа ағзаның пайда болуын, оның өсуі мен дамуын және осы процестерді қамтамасыз ететін жағдайларды;

4) тірі ағзаның (өсімдік, жануар) ерекшелігін, оның заттардан айырмашылығын;

5) тірі ағзалардың алуан түрлілігін және олардың ортамен өзара әрекетінің әртүрлі тәсілдерін көруге мүмкіндік береді.

*Балабақшаның үй-жайында және жер телімінде жасыл аймақты ұйымдастыру*

Мектепке дейінгі ұйымда бар өсімдіктер мен жануарларды әртүрлі педагогикалық жұмысты жүргізу үшін қызықты аймақтар құра отырып, түрліше орналастыруға және топтастыруға болады.

«Экологиялық орталықтар» - бұл табиғат объектілері орналасқан және белгілі бір мақсаты бар шағын аумақ немесе жеке үй-жай. Балабақшадағы жасыл аймақты ұйымдастыру нысаны ретінде «экологиялық орталықтар» топтағы табиғат бұрыштары болып табылады.

Балабақша топтарындағы табиғат бұрышы.

Табиғат бұрышының басты ерекшелігі мен артықшылығы - оның мекендеушілерінің балаларға жақын болуы. Табиғат бұрышын тәрбиешінің әртүрлі экологиялық және педагогикалық іс-шараларды өткізуі және мектеп жасына дейінгі балалармен түрлі әрекеттерді ұйымдастыру үшін пайдалануына болады. Шағын кеңістікті алса да, әр жас тобында табиғат бұрышы болғаны абзал. Оны топ бөлмесінде, шешінетін бөлмеде орналастыруға болады.

Топтың қабылдау бөлмесінде табиғат бұрышының болуы ата-аналарға балаларымен бірге өсімдіктерді бақылауға, маусымдық құбылыстармен байланысты түрлі сәттерді талқылауға мүмкіндік береді.

Табиғат бұрышының шағын құрамы – бөлме өсімдіктері және су мекендеушілері бар аквариум. Аквариумда балықтың кез-келген түрі болуы мүмкін.

Ортаңғы топтың табиғат бұрышында аквариум мен өсімдіктерден басқа, сәндік құс пен теңіз шошқасын ұстауға болады, бұл балаларға жануарлар әлемінің алуантүрлілігін және тіршілік иелеріне күтім жасау тәсілдерін көруге мүмкіндік береді. Құстардан табиғат бұрышында

шымшықтарды ұстауға болады. Бұл топта табиғат бұрышында теңіз шошқасын асырау маңызды болып келеді: оның көмегімен балалар жануарлармен қарым-қатынас жасауға және оларға қамқорлық жасауға үйренеді.

Ересек топтарда табиғат бұрышына балықтары бар аквариумді, тордағы құсты, құрлық жануарлары (аламан немесе тасбақа) мен өсімдіктерді орналастыруға болады. Балаларға табиғат бұрышында бейімделу ерекшеліктері өзгеше, табиғаттағы өзара байланыс заңдылықтарын көрсете алатын жануарларды тамашалау қызықты болып табылады. Ересек топта аквариумде алтын балықтармен бірге мөңке балықтарды да ұстауға болады.

Құстардан тоты құсты асырауға болады, оның өрмелеуге жақсы бейімделгенін (мектеп жасына дейінгі балалар үшін қызықты) балаларға көрсетуге болады.

Бөлме өсімдіктері – тірі ағза болып табылады, сондықтан оларға қамқорлық жасау керек және жасанды өсімдіктермен алмастыруға болмайды.

Өсімдіктер мен жануарлардан басқа, табиғат бұрышында уақытша табиғат объектілері болуы мүмкін, мысалы, терезе алдындағы шағын бау-бақша – суық жыл мезгілінде жәшіктерде өсірілетін пияз, сарымсақ, сұлы және басқа да дақылдар. Пияз бен сарымсақ балалардың тамақтарына дәрумендік қоспа ретінде маңызды болып табылады, сонымен қатар, бұл дақылдар бөлменің ауасын тазартады.

Көктемде тәрбиеші балалармен бірге балабақшаның ауласына отырғызу үшін бір жылдық өсімдіктердің көшеттерін егуге болады. Тәрбиеші табиғат бұрышын педагогикалық процесте қолдануы үшін ол дұрыс жабдықталуы керек.

Әр жас тобында еңбек әрекетіне орын бөлінуі қажет: еңбек әрекетіне арналған құрал-жабдықтар және табиғат бұрышын мекендеушілердің азықтарын сақтауға арналған орын.

Еңбек әрекетіне арналған орын - бұл шағын үстел, онда тордағы құсты немесе оның ішіндегі науаны, жем салынған контейнерлерді, көкөністерді кесуге арналған тақтайшаларды және басқа заттарды орналастыруға болады. Үстел жылжымалы немесе жиналмалы болуы мүмкін, бұл шағын бөлме үшін ыңғайлы. Сондай-ақ, өсімдіктерді суару үшін көлемі шағын және ұзын шүмектері бар су құйғыштар (3-4 дана), балаларға арналған алжапқыштар қажет. Барлық жабдықтар бөлменің сәнін бұзбауы керек, сондықтан оларды шкафта немесе жабық сәреде сақтаған жөн.

Суда тіршілік ететін жәндіктерді күтуге арналған жабдықтар: аквариумның түбін тазартуға арналған сифон, аквариумға су құюға және оның түбін тазартуға арналған диаметрі 0,5-1 см және ұзындығы 80-120 см резеңке түтік, аквариумның шынысын жууға арналған губка, су термометрі, компрессор, жұмсақ матадан жасалған торлы дорба.

Құстарға күтім жасау үшін құмды елеуге арналған елек, оны жинауға арналған қалақ, құм салынған шелек, жем сауыттар мен су құятын ыдыстар (іліп қоятын, жабық ыдыстар), шөп өсіруге арналған кішкене қораптар қажет.

Сүтқоректілерді, құрлық тасбақасын ұстау үшін ағаштың үгінділері салынған шелек, оларды ауыстыру үшін кішкене қалақ пен щетка, кесуге арналған тақтайша, қауіпсіз пышақ, көкөністен тамақ дайындауға арналған үгіткіш, сұлы өсіруге арналған қораптар қажет. Кез-келген құрғақ жемі бар банкалардың тығыз жабылатын қақпақтары және олар қандай жануарларға арналғанын көрсететін жапсырмалары болуы тиіс.

Табиғат бұрышынан басқа балабақшаның үй-жайында «экологиялық орталықтар» құрылуы: ол бөлме немесе табиғат кабинеті, қысқы бақ болуы мүмкін.

Табиғат бөлмесінде әртүрлі орындарда - еденде және қабырғаларда өсімдіктер орналастырылады. Егер бұл кабинет болса, онда балалар әрекетпен айналыса алатын үстелдер үшін орын болуы керек. Мұндай орталықтардың артықшылығы - өсімдіктер мен жануарлар үшін жақсы жағдай жасалады, ал кемшілігі-жануарлардың жалғыз болуы. Қызмет көрсетуді ұйымдастыру және мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесінде және күнделікті өмірде табиғат бөлмесін, қысқы бақты пайдалану әдістемесі ойластырылуы тиіс. Бұл «экологиялық орталықтарды» демалу үшін, балалар мен ересектердің танымдық белсенділігін дамыту үшін пайдалануға болады. Оларға күтім жасауды мектеп жасына дейінгі ересек балалардың міндетті түрде қатысуымен ересектер жүзеге асыруы керек.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйым аумағында қысқы бақ орталығын ұйымдастыру ұсынылады. Қысқы бақта өсімдіктер көп өсіріледі, сондықтан ол үлкен терезелермен, шыны шатырмен жақсы жарықтандырылуы керек. Бұл жағдайда әртүрлі өсімдіктерді өсіруге болады және күннің көзі жақсы түсетін терезелердің жанында шөл дала бұрышын ұйымдастыруға болады. Қарама-қарсы бұрышта, егер субұрқағы бар шағын бассейн болса, онда ылғалды сүйетін өсімдіктерді сол жерге орналастыруға болады. Қысқы бақ жеміс өсімдіктерінің нағыз топтамасын жасауға мүмкіндік береді: бөлме лимоны, мандарин, сәндік анар, інжір, банан пальмасы, кофе ағашы, шай бұтасы, лавр ағашы және т. б.

Дұрыс күтім жасалса барлық өсімдіктер жеміс береді және бұл жағдай балаларға қуаныш сыйлайды.

Мұндай бөлмеде әдетте сәндік құстарды жартылай еркіндікте ұстауға болады және 1-2 аквариум орналастыру ұсынылады. Қысқы бақ табиғат бөлмесі сияқты әртүрлі мақсаттарға:ҰОҚ-ін, танымдық іс-шаралар өткізу, еңбек, демалыс ұйымдастыру үшін қолданылады. Балалар мен ересектердің демалысы үшін балықтарды, құстарды, өсімдіктерді бақылап, демалуға мүмкіндік беретін орындықтар болуы керек. Бұл сәндік ағаш орындықтар, ағаш түбіртегі немесе арнайы жеңіл орындықтар болуы мүмкін. Табиғат бөлмесі мен қысқы бақтың жанында су шүмегі, аяқ жуатын ванна, ересектер мен балалардың құралдарына арналған шкафтар немесе сөрелер бар коммуналдық бөлме болуы керек.

Егер мектепке дейінгі ұйымның барлық аумағы жақсы көгалдандырылса, қолайлы микроклимат орнайды: қоршау бойымен биік ағаштар мен бұталар отырғызылса, олар шаңнан, қатты желден қорғайды



және жаздың ыстық күндерінде көлеңке болады. Өртүрлі қасиеттерге ие ағаш түрлерін отырғызу керек: үйеңкінің жапырағы әдемі және ірі, ол жақсы көлеңке береді; жөке ағашы жазда хош иісімен көрікті, шетеннің гүлдері әдемі және ол жидек береді; терек тез өседі және шаңды жақсы жинайды; шиі ағашы керемет гүлдейді және хош иіс шығарады.

Топ учаскелеріне жалғыз немесе топ қайыңдарды, бұтақтары жайылып өсетін талдарды егуге болады. Биік бұталарды ағаштардың арасына отырғызады. Тұтас аумаққа балабақшаға кіретін жолдарды қоспағанда шөп егуге болады. Шөп ауаны шаңнан қорғайды, оны жақсы ылғалдандырады, сонымен қатар, жасыл желектер балалардың жүйке жүйесін тыныштандырады.

Мектепке дейінгі ұйымның аумағында, егер ол ауқымды болса, балаларды сауықтыру және экологиялық тәрбие үшін пайдаланылатын алуан түрлі «экологиялық орталықтар» құруға болады. Бос және жарық жерге қылқан жапырақты ағаштар - шырша мен қарағайды отырғызса, кейін ол «Қарағай бағына» айналады. Уақыт өте келе олардың айналасында бөлме өсімдіктерінің кейбір түрлеріне пайдалы қышқыл топырақ түзіледі. «Қарағай бағында» шыршаларды бақылауға, қысқы мерекелерді өткізуге болады. Оның қылқан жапырақты ағаштарымен анықталатын өзіндік экожүйесі қалыптасады: жаңғақтар тоқылдақтарды қызықтырады, жәндіктер пайда болады. Шырша мен қарағайдың жанына әдемі және ерекше ағаш балқарағайды отырғызған жөн. «Қарағай бағы» емдік қасиетімен құнды, оның қылқан жапырақты ағаштары ауру тудыратын бактериялардан ауаны тазартатын фитонцидтерді бөледі. «Қарағай бағы» экологиялық орталығында және оған жақын жерде серуендеу балалардың денсаулығына жақсы әсер етеді.

Мектепке дейінгі ұйымның ауласында бау-бақша мен көкөніс бақшасын өсіру ұсынылады. Балаларды дақылдарды өсіруге үйрету үшін кез-келген өсімдікті пайдалануға болады, бақшада азықтық дақылдар, жүгері, тез өсетін көкөністер өсірген абзал, дегенмен, дәнді дақылдардан сұлыны өсірген жөн, ол қыста жануарларды қоректендіру үшін көп мөлшерде қажет болады.

Балабақша ауласында балаларға қол жетімді түрде дербес немесе тәрбиешінің көмегімен ауа-райының өзгеруін бақылауға мүмкіндік беретін ауа райын болжау станциясын орнатуға болады.

Ауа райын болжау станциясында мынадай аспаптарды: құс бағанасы, желбағар (желдің бағытын анықтау), барометр (атмосфералық қысымды өлшеу), термометр (ауа, су, топырақ температурасының өзгеруі), анемометр (желдің жылдамдығын анықтау), жаңбыр өлшегіш (жауын-шашын мөлшерін өлшеу) және компас (жарықты анықтау) орналастыру ұсынылады.

Биіктігі 3, 4, 5 метр болатын құс бағанасы алаңның ортасына орнатылады, оған құстарды қоректендіруге арналған екі жемсауыт, жоғарғы жағына ұя салатын үйшік, бағананың айналасындағы жерге су ішуге науа орнатылады (бұл жазда құстың су ішетін ыдысы). Бұл баған жыл бойы жұмыс істеуі қажет-қыста құстар қоректенеді, жазда су ішеді, көктемде құстардың бірі үйшікте ұя салып, балапан басады, ал суық кезеңде торғайлар

үйшікті паналайды. Құс бағанасы өлі табиғаттың қызықты құбылыстарын бақылауды ұйымдастыруға септігін тигізеді: егер оның үстіне желбағар орнатылса, онда желдің бағытын байқауға болады; егер баған мен науаның айналасындағы аумақ жабық болса, онда шуақты күнде бағанның көлеңкесін, яғни күннің қозғалысын байқауға болады. Балалардың шағын топтарымен алаңда бақылау ұйымдастыруға болады.

Балабақша ауласында міндетті түрде гүлзарлар болуы керек. Әр топтың учаскесінде балалар гүлдердің өсіп жатқанын көруі, оларға күтім жасауы, тұқым жинауы тиіс.

#### Балалардың табиғат әлемінің биоалуантүрлілігін бақылау объектілері.

- Жапырақты ағаштар: шетен, қайың, терек, қарағаш. Балалар жапырақтары мен жидектерін зерттейді, жылдың әр мезгілінде қандай жануарлар мен құстардың олармен қоректенетінін біледі, жылдың әр мезгілінде жапырақтардың түсінің өзгеруін, ағаштардың бұтақтарында отырған құстарды бақылайды. Балалар бұтақтардағы мүктерді, жәндіктерді бақылайды.

- Қылқан жапырақты ағаштар: шырша, қарағай, боз арша. Балалар қылқан жапырақты ағаштардың өзгеруін, олардың басқа ағаштардан ерекшеліктерін бақылайды, олардың бүрлерін жинайды.

- Бақша ағаштары: алма ағаштары, шие ағаштары. Балалар бақша ағаштарының маусымдық өзгерістерін бақылайды, оларға көктем мен жаз мезгілінде күтім жасайды, суарады, күзде өнімдерін жинайды.

- Бұталар: бөртегүл, итмұрын. Балалар маусымдық өзгерістерді бақылайды, олардың ағаштардан ерекшеліктерін байқайды.

- Бау-бақша. Бақылау объектілері: көкөністер, шөптер. Бау-бақша-ашық, жақсы жарықтандырылған кеңістікте отырғызылуы қажет. Онда жағдай талғамайтын көкөніс дақылдарын отырғызуға болады.

Гүлзар. Бұл балабақша аумағын және топтардың учаскелерін безендіру нысаны болып табылады, ол сән үшін ғана емес, сонымен қатар олар дамыту мақсатында да қолданылады. Өсімдіктердің гүлденуі кезінде балалар оларды бақылайды, қамқорлық жасайды. Олар көңіл-күйді көтеріп қана қоймай, адамның энергиясын да жақсарта алады. Гүлзарларға жағдай талғамайтын бір жылдық және көп жылдық өсімдіктерді егуге болады (көп жылдық өсімдіктер көп болуы керек). Көп жылдық өсімдіктерден лалагүл, ирис, пиондардың қарапайым түрлерін отырғызған қолайлы. Бір жылдық өсімдіктерден - барқыт гүл, шырай гүл отырғызуға болады.

Құстарға арналған жем сауыттар. Балалар құстардың түрлерімен танысады, қыстайтын және жыл құстарын ажыратуды үйренеді, балаларды еңбек сүйгіштікке, құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қыста балалар құстарды қоректендіреді, көктемде-ата-аналарымен бірге құстардың үйшіктерін жаңарту, жөндеу жұмыстарына қатыстыруға болады.

Қоқысты сұрыптау. Бақылау объектілері: қоқысты сұрыптауға арналған үш контейнер (қағаз, пластик, ағаш). Балалардың тұрмыстық қалдықтарды жинау, сұрыптау және қайта өңдеу, ойыншықтарды жасау кезінде

қалдықтарды орынды пайдалану туралы білімдерін жүйелеу. Балаларды қоқысты сұрыптау қағидаларымен таныстыру.

Экологиялық жолда тәрбиеленушілер:

- тірі және өлі табиғат объектілеріне бақылау жүргізуді; қауіпсіздік ережелерін ескере отырып, табиғат объектілеріне қарапайым тәжірибелер жүргізуді, зерттеу әдістерін үйренеді;

-табиғат объектілері арасында себеп-салдарлық байланыстарды орната отырып, қорытынды жасай білу қабілеті дамиды;

- экологиялық жолда қауіпсіз еңбек ету дағдылары қалыптасады.

Мектепке дейінгі ұйымда экологиялық ортаны құра отырып, ол үшін жағдай жасау керек екенін есте ұстаған жөн:

баланың танымдық-сөйлеуінің дамуына ықпал ету (табиғи материалмен тәжірибе жасауға жағдай жасау, тірі және өлі табиғат объектілерін жүйелі түрде бақылау, табиғат құбылыстарына қызығушылықты арттыру)

баланың адамгершілік қасиеттерін, балалардың экологиялық сауатты мінез-құлқын қалыптастыру.

экологиялық-эстетикалық тәрбие беру (қоршаған табиғи объектілерге назар аудару, қоршаған табиғат әлемінің сұлулығын көру қабілетін дамыту)

-балаларды сауықтыру (балабақша ғимаратының сыртын безендіру үшін экологиялық қауіпсіз материалдарды, ойыншықтарды пайдалану, аумақты сауатты көгалдандыру, экскурсияларға, таза ауада ҰОҚ-ін өткізуге жағдай жасау)

-әртүрлі әрекеттерде экологиялық құралдарды (табиғи материалдармен дербес ойындар, театрландырылған әрекет және т. б. үшін жағдайлар.) қолдану

- балабақша аумағында табиғатта болған кезде балалармен бірге әзірленген табиғатты қорғау белгілерін орналастыру қажет.

Мектепке дейінгі ұйымда экологиялық заттық ортаның дұрыс ұйымдастырылуы экологиялық - эстетикалық дамуға, балаларды сауықтыруға, адамгершілік қасиеттер мен экологиялық сауатты мінез-құлық дағдыларына тәрбиелеуге, сондай-ақ балалардың түрлі әрекеттерінде білім мазмұнының барлық компоненттері: құндылықты, таным мен белсенділікті жүзеге асыруға ықпал етуі керек.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мектепке дейінгі ұйымда экологиялық тәрбие берудің өзектілігі мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасын дамыту үшін олардың табиғат пен адамның өзара байланысы туралы түсініктерді меңгеруімен байланысты. Қоршаған ортамен практикалық тұрғыда өзара әрекет тәсілдерін меңгеру, баланың дүниетанымының қалыптасуын қамтамасыз етеді. Бұл бағытта тәрбиеленушілердің ізденістік-танымдық әрекеті маңызды рөл атқарады: ол ұйымдастырылған оқу қызметі, эксперименттік әрекеттер, ойын, театрландырылған және сюжетті-рөлдік ойындар, STEAM, инновациялық технологиялар барысында жүзеге асырылады.

Білімді меңгеру және табиғатта баланың өзін ұстай білуінің ережесін дамыту жүйелі жұмыс нәтижесінде жүзеге асырылады. Қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының нормаларында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында айқындалған. Экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру бойынша тәрбиелеу-білім беру процесі кіші топтан басталады.

Экологиялық мәдениет-бұл білім, практикалық дағдылар, табиғатқа деген дұрыс көзқарас.

Экологиялық тәрбие беруде дамытушы ортаны жабдықтаудың маңызы зор. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу - білім беру процесінде экологиялық орта балаға өзінің бақылауларына, тәжірибелеріне, заңдылықтарға және т. б. негізделген әлемнің бейнесін өз санасында модельдеуге мүмкіндік береді.

Бұл мәселеде педагогтер мен ата-аналар маңызды рөл атқарады, олар балалардың туған өлкесінің табиғатын сүюге, қорғауға және сақтауға деген ынтасын оята алады.

Экологиялық тәрбие балалар әрекетінің бір түрі ретінде педагогтен осы әрекетті сауатты жоспарлауды, атап айтқанда: танымдық материалды таңдауға, оны таңдалған мәселеге сәйкес жүйелендіруге, балалармен құбылыстарды зерделеудің перспективалық жобасын әзірлеуді талап етеді. Бұл тәсіл балаларды тірі және өлі табиғаттың белгілі бір құбылыстарымен біртіндеп, дәйекті түрде танысуға, қоршаған ортаға зиян келтірмеуге, өлкенің табиғи ресурстарын ұқыпты пайдалануға, объектінің заттық әлеммен байланысын (адамдардың қолымен жасалған барлық нәрсені) көрсетуге мүмкіндік береді.

Табиғатта саналы мінез-құлықты қалыптастыру үшін балалардың қоршаған әлемді, табиғат құбылыстарын тануға деген қызығушылықтарын қолдау керек, күнделікті өмірде керемет, әдеттен тыс нәрселерді көруге, тіршілік иелеріне жанашырлық танытуға үйрету керек. Ол үшін балаларға тек білім беріп қана қоймай, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастап табиғатта өзін қалай ұстау керектігін үйрету қажет.

## ГЛОССАРИЙ

**Экологиялық қауіпсіздік** - жер бетінде және кез-келген аймақта адамзат физикалық, әлеуметтік-экономикалық, технологиялық және саяси дайын деңгейде экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ететін жағдайлар, құбылыстар мен әрекеттер кешені.

**Су-маңызды экологиялық ресурс және тірі ағзалардың негізгі компоненті.**

**Ауыз су-бактериялық, органолептикалық қасиеттері мен химиялық заттардың уыттылық дәрежесінің көрсеткіштері ауыз сумен жабдықтау нормалары шегінде болатын су.**

**Сарқынды сулар-өндірістік немесе тұрмыстық мұқтаждықтарға пайдаланылған және бұл ретте олардың бастапқы құрамын немесе физикалық қасиеттерін өзгерткен қосымша қоспалар (ластанулар) алынған сулар.**

**Су объектілері-құрлық бетінің бедерінде және жер қойнауында шоғырланған шекаралары, көлемі мен су режимі бар сулар.**

**Сұйық қалдықтар-сарқынды суларды қоспағанда, сұйық түрдегі кез-келген қалдықтар.**

**Шығарындылар-қысқа мерзімді немесе белгілі бір уақытта (сағат, тәулік) кез келген ластағыштардың қоршаған ортаға түсуі.**

**Түтін-ауада түзілген қатты бөлшектер.**

**Қоршаған ортаның ластануы** - қоршаған ортаға ластаушы заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ шудың, тербелістердің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің қоршаған ортаға әсері;

**Қоршаған ортаның саулығы** - адамның және басқа тіршілік иелерінің денсаулығын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдай (сапа).

**Судың сапасы** -суды пайдаланудың нақты түрлері үшін оның жарамдылығын анықтайтын құрамы мен қасиеттерінің сипаттамасы; бұл ретте сапа көрсеткіштері судың сапасын бағалау жүргізілетін белгілерді қамтиды.

**Қызыл кітап** - сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген ағзалардың тізімі; қазіргі және бұрынғы кезде таралуы, саны және оның қысқару себептері, көбею ерекшеліктері, түрлерді қорғаудың қабылданған және қажетті шаралары көрсетілген түрлер мен кіші түрлердің аннотацияланған тізімі.

**Экологиялық мәдениет** - адамзаттың өмірі мен келешекте дамуындағы экологиялық проблемалардың маңыздылығы өткір, терең және жалпыға ортақ түсінікпен сипатталатын әлемдік мәдениеттің даму кезеңі мен құрамдас бөлігі.

**Микроорта** (гр. микрос – шағын) - ең шағын мекендеу орындарындағы экологиялық факторлардың жиынтығы. Уақыт-қоршаған орта сапасының қол жетімді интегралды көрсеткіштері.

**Қоршаған орта (мекендеу ортасы)** - барлық материалдық денелердің, күштер мен табиғат құбылыстарының жиынтығы, оның заттары мен кеңістігі, тірі ағзалармен тікелей байланыста болатын адамның кез келген әрекеті; адамға және оның шаруашылығына бірлесіп әсер ететін абиотикалық, биотикалық және әлеуметтік ортаның жиынтығы.

**(адамды) Қоршаған табиғи орта** - адамдардың әрекетімен шамалы өзгерген, адамға әсер ететін абиотикалық және биотикалық табиғи факторлардың жиынтығы. Ол адамды қоршаған ортаның басқа компоненттерінен адамның түзету әсерінсіз өзін-өзі қолдау және өзін-өзі реттеу қасиетімен ерекшеленеді.

**Қалдықтар** - өнімді өндіру үшін жарамсыз шикізат түрлері, оның пайдаланылмайтын қалдықтары немесе технологиялық процестер барысында туындайтын заттар (қатты, сұйық және газ тәрізді) және қаралып отырған өндірісте кәдеге жаратылмайтын энергия.

**Қоршаған табиғи ортаны қорғау** - адамдардың қазіргі және келешек ұрпақтарының денсаулығын сақтауға бағытталған халықаралық, мемлекеттік, өңірлік және жергілікті әкімшілік-шаруашылық, технологиялық, саяси және қоғамдық іс-шаралар кешені.

**Қоршаған ортаны (адамды) қорғау** – адамды қоршаған әлеуметтік-экономикалық және табиғи ортаны қорғаудың жиынтығы.

**Табиғи ресурстар-тұтыну құндылығы бар табиғи объектілер:** жер, жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі;

**Табиғи ресурстарды қорғау-табиғи ресурстардың әрбір түрін олардың тұтынушылық қасиеттерін жоғалтуға әкеп соғатын тиімсіз пайдаланудан, жойылудан, азып-тозудан қорғауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;**

**Қатты тұрмыстық қалдықтар-қатты түрдегі коммуналдық қалдықтар;**

**Қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау-қоршаған ортаға экологиялық жүктемені азайтудың бір тәсілі.** Біздің қоқыстарымыздың құрамы негізінен төрт бөліктен тұрады: органикалық қалдықтар (тамақ қалдықтары), пластик, шыны және қағаз.

### **Ресурстар**

1) –адамдарға қажетті материалдық және рухани игіліктерді алудың кез келген көздері мен алғышарттары, оларды қазіргі технологиялар мен әлеуметтік-экономикалық қатынастар кезінде іске асыруға болады. Ресурстар әдетте үш негізгі топқа бөлінеді: материалдық, еңбек және табиғи (табиғи);

2) - қорлар, құралдар көздері;

3) -қажетті жағдайда жүгінетін құрал (шаруашылыққа немесе қандай да бір іске тартылмаған ресурс);

4) - ресурстарды алудың әлеуетті көздері (экон.).

**Экологиялық сана-адамның табиғатпен ажырамас байланысын, адамдардың әл-ауқатының тәуелділігін, адамның табиғи өмір сүру ортасының тұтастығын адамның биологиялық түр ретінде бейімделу**

кабілеттерінен тыс жердегі тіршілік ортасының антропогендік өзгерістерінен екендігін терең түсіну.

**Тіршілік ету ортасы-ағзаның абиотикалық және биотикалық өмір сүру жағдайларының жиынтығы.**

**мәдениет** (лат. cultura-мәдениет) - әлеуметтанудағы, антропологиядағы және мәдениеттанудағы өзінің мінез-құлқымен басым көпшіліктен ерекшеленетін қоғам мәдениетінің бір бөлігін, сондай-ақ осы мәдениеттің тасымалдаушыларының әлеуметтік топтарын білдіретін ұғым (термин).

**Тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату** (лат. утилис – пайдалы) олардан энергия алу үшін (тікелей немесе биогаз алу арқылы) органикалық заттарды және құрылыс материалдарын, компостарды және т. б. өндіру үшін шикізатты кейіннен жағу немесе ашыту арқылы бағалы (мысалы, металдар) және жанбайтын (мысалы, шыны) компоненттерді алу.

**Экология**-бұл тіршілік иелері мен олардың қоршаған ортасы, адам мен табиғат арасындағы байланыс туралы ғылым (гр. *ойкос*-үй, тұрғын үй, орналасқан жер + *логос* – ғылым)

